




ҚАП ТАУЫНЫҢ КҮНГЕЙІНДЕГІ ӨЗГЕРІС:

әлем назары Орта Азияға ауа ма?

3



Қаржы пирамидалары: ҚОҒАМНЫҢ ҚАСІРЕТІ

ашкөздік дерті емес...

7



КӨШЕ ӘДЕБІ МЕН МӘДЕНИЕТІ

14

Almaty AQSHAMY



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №118 (6411) 5 қазан, бейсенбі, 2023 жыл. | www.almaty-akshamy.kz

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

МЕМЛЕКЕТІМІЗДІҢ БЕДЕЛІ МЕН ИМИДЖІ

Ең алдымен, жобалардың сапасы жоғары болуға тиіс



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Астана қаласындағы бірнеше нысанды аралады. Бес қабатты заманауи ғимаратта орналасқан, 5–17 жас аралығындағы жеткіншектерге арналған 60-тан астам үйірме мен спорт секциялары жұмыс істейтін «SANA» оқушылар сарайын көрді. «Тұран» газ жыту станциясына барды. Бронды дөңгелекті техника өндіруге және жаңғыртуға маманданған Kazakhstan Paramount Engineering зауытының жұмысымен танысты.

2

ҚАМҚОРЛЫҚ ПЕН КӨМЕК

Шаһар басшысы зейнеткерлерді қолдау шараларын кеңейтуді және Ардагерлер кеңесін қаржыландыруды ұлғайтуды тапсырды



Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев Қарттар күніне орай Алматы қалалық Ардагерлер кеңесінің төрағасы Ақан Бижанов бастаған қалалық Ардагерлер кеңесі төралқасының мүшелерімен кездесу өткізді.

Келелі кездесуді ашқан Ерболат Досаев жастарды рухани-адамгершілік тұрғысынан тәрбиелеу мәселелерінде аға буынның маңызды рөл атқаратынын атап өтті. Ардагерлер кеңесі зейнеткерлер арасында мәдени-бұқаралық, спорттық, танымдық іс-шараларды ұйымдастыруға, сондай-ақ қаланың барлық қоғамдық-саяси іс-шараларына белсенді түрде қатысады.

— Сіздер біздің дәстүрлеріміз бен тарихымызды мұра еткен әрі үлкен өмірлік тәжірибені, ақыл-парасатты иеленген зиялы тұлғасыздар. Қала әкімдігі өз тарапынан біздің егде жастағы тұрғындарымызға қамқорлық пен көмекті көрсету үшін қолдан келгенін бәрін жасауда, — деген қала әкімі төралқа мүшелерін Қарттар күнімен құттықтады.

8

Алматы қаласы бойынша ауа райы болжамы (бүгін және ертең)

5.10.2023

Түнде:

+9+11 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Күндіз:

+22+24 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Желдің жылдамдығы: 0-5 м/с

6.10.2023

Түнде:

+11+13 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Күндіз:

+23+25 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Желдің жылдамдығы: 2-7 м/с

www.almaty-akshamy.kz





● ПРЕЗИДЕНТ

ҮШ НЕГІЗГІ МӘСЕЛЕ:

ЖЫЛУ, ЖАРЫҚ
ЖӘНЕ СУ

Тұрғындар бұл қажеттіліктермен
міндетті түрде қамтамасыз етілуі
керек



Президент «Тұран» және «Оңтүстік-Шығыс» газ жылу станцияларының, сорғы-сүзгі станциясының және үшінші ЖЭО-ның құрылыс жұмыстарының барысымен танысты.

Мемлекет басшысына «Оңтүстік-Шығыс» газ жылу станциясының және жалпы қуаты сағатына 700 гигакалорий болатын «Тұран» газ жылу станциясының бірінші кезеңінің құрылыстары аяқталғаны туралы мәлімет берілді. «Оңтүстік-Шығыс» станциясы Мыңжылдық аллеясы, «Нұрлы жол» вокзалы, «Бағыстан» тұрғын алабы сияқты құрылысы қарқынды түрде жүріп жатқан аудандарды, ал «Тұран» станциясы қаланың сол жағалауында жаңадан салынып жатқан аумақты тұрақты жылумен қамтамасыз етеді. Аталған газ жылу станциялары биылғы жылыту маусымының басынан бастап іске қосылмақ. Жыл аяғына дейін үшінші ЖЭО-ның құрылысы аяқталады. Үш жаңа нысан қаланы қосымша жылумен қамтамасыз етеді. Оның қуаты – сағатына 1140 гигакалорий. «Тұран» газ жылу станциясының екінші кезеңінің салынуы және «Тельман» жаңа газ жылу станциясы қуаты сағатына 850 гигакалорий болатын қосымша жылу береді.

Президент газ жылу станцияларын кезең-кезеңмен пайдалануға беруді тапсырды. «Ең алдымен, жобалардың сапасы жоғары болуға тиіс. Біз оны қадағалаймыз. Мұндай жобалар қалаға өте қажет. Мен бұл жерге осы мақсатпен келдім. Әр қалада үш негізгі мәселе бар. Олар – жылу, жарық және су. Тұрғындар бұл қажеттіліктермен міндетті түрде қамтамасыз етілуі керек. Оның үстіне, сөз елорда туралы болып отыр. Ешқандай кідіріс болмауға тиіс. Бұл, түптеп келгенде, біздің мемлекетіміздің беделі мен имиджіне қатысты мәселе. Сондықтан аталған мәселені бәріміз жұмылып, міндетті түрде толық шешуіміз қажет», – деді Мемлекет басшысы.

Мемлекет басшысы «SANA» оқушылар сарайын аралап көрді. Бес қабатты заманауи ғимаратта 5–17 жас аралығындағы жеткіншіктерге арналған 60-тан астам үйірме мен спорт секциялары жұмыс істейді.

Олар техникалық шығармашылық, сәндік-қолданбалы өнер, әлеуметтік ғылымдар, музыка және хореография, спорт секілді бірнеше бағытқа бөлінген. Орталық бір мезгілде 700 баланы қабылдай алады. Аумағы 7500 шаршы метр ғимаратта соңғы үлгідегі технологиялармен жабдықталған оқу кабинеттері, жүзу бассейні, акт залы, подкаст және фото студиялары бар. Президент Lego құрастыру, роботтық техника, 3D-модельдеу және қыш өнері, ұрмалы аспаптар, домбыра үйірмесі кабинеттері мен жүзу бассейнін аралап көрді. Сондай-ақ, Президент орталықтың оқытушыларымен, балалармен және ата-аналармен әңгімелесті.

– Әрбір қалада, ауданда осындай орталықтар ашылуы керек. Мен жақында бизнес өкілдерімен

ЗАМАНАУИ ҒИМАРАТ

Әрбір қалада, ауданда балалар үшін осындай орталықтар ашылуы тиіс



кездесу өткіздім. Бұл балалар үшін, өскелең ұрпақ үшін қажет. Сондықтан біз бұл мәселеге баса мән береміз, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

KAZAKHSTAN PARAMOUNT ENGINEERING

Қазақстан мен Орталық Азияда дөңгелекті бронды техника шығаратын бірден-бір кәсіпорын

Мемлекет басшысы елордадағы индустриалды нысандарын аралау барысында бронды дөңгелекті техника өндіруге және жаңғыртуға маманданған Kazakhstan Paramount Engineering зауытына да барды.

Бұл компания 2013 жылы құрылған. Ол – Қазақстан мен Орталық Азияда дөңгелекті бронды техника шығаратын бірден-бір кәсіпорын. Қазақстан аумағында өз өндірісін ашу және бәсекеге қабілетті заманауи бронды техникаға сервистік қызмет көрсету, сондай-ақ түрлі міндеттерді орындауға арналған бронды дөңгелекті машина өндірісін өркендету аталған компанияның артықшылығы саналады.

Мемлекет басшысы осы саланы ілгерілетудің келешегі зор екенін ерекше атап өтіп, компанияны қорғаныс өнеркәсібіне маманданған отандық кәсіпорындарды дамытуға жан-жақты атсалысуға шақырды.



● ҮКІМЕТ

ИНДУСТРИЯЛАНДЫРУ КАРТАСЫ

аясында биыл жаңа 170 жоба іске қосылады

Премьер-министр Әлихан Смайыловтың төрағалығымен өткен Үкімет отырысында еліміздің өңдеу өнеркәсібін одан әрі дамыту шаралары қаралды.

Әлихан Смайылов Мемлекет басшысы Жолдауында еліміздің мықты өнеркәсіптік негізін қалыптастыруды ең басты міндет ретінде айқындағанын еске салды. Бұл ретте кез келген мемлекеттің экономикасында өңдеу өнеркәсібі ерекше орын алады. «Индустрияландыру картасы аясында биыл тамақ өнеркәсібінде, құрылыс индустриясында, машина жасауда, металлургияда және басқа салаларда 170 жобаны іске қосу жоспарланған. Бұл шамамен 12,5 мың тұрақты жұмыс орнын құруға мүмкіндік береді», – деп атап өтті Премьер-министр.

Ол Президент тапсырмасына сәйкес бірқатар басым бағыттарда жоғары деңгейде өңделген өнім шығаратын кластерлерді құру бойынша ірі жобалардың тізбесі дайындалып жатқанын айтты. Атап айтқанда, мұнай, газ және көмір химиясында, металды терең өңдеу, уран өнеркәсібі, машина жасау, автокомпоненттер, тыңайтқыштар өндірісі және басқа салаларда осындай кластерлер құру көзделіп отыр. Үкімет басшысының айтуынша, «мұнда ішкі ресурстарды барынша пайдалануға және оффтейк-келісімшарттардың әлеуетін іске қосуға басымдық берілетін болады».

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша Машина жасау саласын дамыту жөніндегі кешенді жоспардың жобасы дайындалуда. «Оны іске асыру осы саладағы өндірісті 2 еседен астам, экспорт көлемін 3 есеге, негізгі капиталға салынатын инвестицияны 1,5 есеге арттыруға мүмкіндік береді», – деді Әлихан Смайылов.

Биыл Жеңіл өнеркәсіпті дамытудың жол

картасын өзектендіру жұмыстары аяқталады. Онда тоқыма өндірістерін құру кезінде инвестициялық шығындарды өтеу, мемлекеттік сатып алу барысында отандық өндірушілерді қолдау шаралары қарастырылмақ. «Жалпы, өңдеу секторын дамыту бойынша барлық негізгі бағыттар мен міндеттер белгіленді. Енді оларды белсенді түрде іске асыруды қамтамасыз ету қажет», – деп атап өтті Премьер-министр.

ЖОЛ ҚАУІПСІЗДІГІ:
жүйелі шараларды әзірлеу –
басты міндет

Үкімет отырысында жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету шаралары да қаралды.

Ішкі істер министрінің бірінші орынбасары Марат Қожаев мәлімдегендей, ІІМ-нің емтихандарды қабылдау ережесіне өзгерістер енгізілмек: енді емтихан тапсыру процесі онлайн-трансляция арқылы бақыланады. «Автомектеп» ақпараттық жүйесінде білім алушыларды міндетті тіркеу нормасы енгізілді. Нәтижесінде тізімдерді түзету мүмкіндігі алынып тасталады. Қазіргі уақытта түзетулердің екінші пакеті әзірленді. Дайындық курстарын аяқтау туралы куәліктерді және медициналық анықтамаларды электрондық нысанға көшіру жоспарлануда. Сонымен қатар, жүргізушілердің өз бетінше дайындалуын алып тастау мәселесі пысықталуда.

«Қорғау» бағдарламасы арқылы тұрақты түрде тәртіп бұзатындарға шара қолданылуда. Ол жалған нөмірлі, сақтандырусыз, іздеуде жүрген немесе жол ережесін бұзып, айыппұл төлеуден жалтарған көлік жүргізушілерін авто-

матты түрде анықтауға мүмкіндік береді. Ішкі істер министрлігі емтихандарды қабылдау ережелеріне түзетулер енгізді. Бұл процедураны ашық етіп жасады. Енді емтихан тапсыру процесі онлайн трансляция арқылы бақыланады. «Автомектеп» ақпараттық жүйесінде білім алушыларды міндетті тіркеу нормасы енгізілді.

Премьер-министр жол қауіпсіздігіне қатысты жағдай халықтың орындауына наразылығын тудырып отырғанын атап өтті. Жыл басынан бері азаматтардан жол қозғалысына қатысты 62 мыңнан астам ресми шағым келіп түскен. «Жол қауіпсіздігін арттыру, жол апаттары мен өлім-жітім деңгейін азайту жөніндегі жүйелі шараларды әзірлеу біздің басты міндетіміз болып табылады», – деді Әлихан Смайылов.

Үкімет басшысы жекеменшік таксидің, әсіресе, қалааралық бағыттардағы такси қызметін реттеу жөнінде қосымша шаралар қабылдауды, көлік құралдарын техникалық тексеруден өткізу сапасын тиімді бақылау механизмін әзірлеуді, заң бұзушылықтарды тіркеу камераларының санын көбейту және трассалық медициналық-құтқару пункттерін дамыту, оның ішінде мобильді жылжымалы бригадалар құру жөнінде шаралар қабылдауды тапсырды.

Тағы бір мәселе – электрлі самокаттар мен мопедтер. Жолдарда олардың саны айтарлықтай көбейгені белгілі. Осыған байланысты Мәжіліс депутаттарымен бірлесіп әзірленген заң жобасы қабылданды. Онда электрлі самокат ұғымы, жүріп-тұру ережелері, сондай-ақ олардың жүргізушілерінің құқықтары мен міндеттері бекітілген. Бұл шаралар олардың жүрісін реттеуге мүмкіндік берді, ал полицияда ықпал етудің нақты тетіктері пайда болды. Нәтижесінде ағымдағы жылдың қыркүйек айында ғана самокат жүргізушілері тарапынан 1,7 мыңнан астам бұзушылық анықталды. Оның ішінде

кәмелетке толмағандардың жүріс бөлігінде электрлі самокаттарды басқарудың 562 дерегі анықталды.

Үкімет отырысында Қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету тұжырымдамасының жобасында көзделген бастамаларды қолдауға маңыз берілді. Құжат Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша әзірленген. Ол жерде барлық құзырлы мемлекеттік органдар мен әкімдіктердің ортақ жауапкершілігі қарастырылған. Жалпы, аталған шараларды іске асыру жол жүрісіне қатысушылар үшін қолайлы жағдайларды қамтамасыз етуге, сондай-ақ еліміздің жолдарындағы апаттылықты азайтуға мүмкіндік бермек. Сонымен қатар, жолдарда исіз мал жайғаны үшін үй жануарларының иелеріне қатысты жүйелі шаралар қабылдау қажеттігі айтылды. Әкімшіліктер мал жаю ережелері бойынша халықпен түсіндіру жұмыстарын белсенді жүргізуі қажет. Жол-көлік оқиғасы кезінде жедел шаралар қабылдау үшін жолдарды ұялы және интернет байланысымен қамту – кезек күттірмейтін міндет.

ҚР АШМ:
Диқандар 11,7 млн тонна
астық жинады

Қазақстандық фермерлер 12,6 млн га астық немесе 72,7%-ын жинады. Күзгі дала жұмыстарының өтуі ауыл шаруашылығы вице-министрі Әбілхайыр Тамабектің төрағалығымен өткен жедел штаб отырысында талқыланды, деп хабарлады ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі.

ҚР АШМ ауыл шаруашылығы департаменті директорының орынбасары Мұрат Іргебаевтың ақпараты бойынша осы кезеңде 11,7 млн тонна астық бастырылды, орташа өнімділік көрсеткіші 9,3 ц/га құрайды, майлы дақылдар 352,7 мың тонна, картоп 2,1 млн тонна, көкөніс 3,2 млн тонна, ал бақша өнімдері 2,8 млн тонна.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».
(Дереккөздер: Primeminister.kz;
www.akorda.kz ortcom.kz).



САРАПТАМА

ҚАП ТАУЫНЫҢ КҮНГЕЙІНДЕГІ ӨЗГЕРІС:

әлем назары Орта Азияға ауа ма?

Оңтүстік Кавказ аймағы ұдайы ірі күштердің назарында болып келді. Қазір де бұл аймақ өзінің геостратегиялық маңызын әйгілеуде. Патшалық Ресейден кейін Кеңес Одағының бұл аймақта өз бақылауын орнатуы өзге ірі күш орталықтарының Оңтүстік Кавказға ұмтылысын бір ғасыр көлемінде тоқтатып тұрды. Бірақ қазір жағдай өзгеру үстінде. Таулы Қарабақ соғысы ұзақ уақыт жабылып қалған қазанның қақпағын қайта ашқандай болды. Бүгінгі жағдайдан қарағанда Әзербайжан өзінің ұлттық мүддесін алға жылжытып, тарихи еншісін қайтарып алғанға ұқсайды. Дегенмен, тұтас аймақтың болашағынан қарағанда тартыстардың тамыры әлдеқайда тереңде жатыр.

«ТҰРАН ӘЛЕМІНІҢ ОРТАСЫНА ТҮСКЕН ӨТКІР СЫНА»

Егер біз батыстық басылымдардың Таулы Қарабаққа қатысты ақпараттарын сараласақ, тарихи әділеттілік мәселесінде басым көпшілігі Арменияға ықтай жалдап жазатынын көреміз. Негізінен, Кеңес Одағы құрылғаннан кейін Оңтүстік Кавказдың Сталин шешімімен қайта бөліске түскенін алға тартады. 95 пайыз халқы христиандық армяндарды ығыстырып, әзербайжандарды күштеп орналастырған дегенді уәж етеді. Шамалауымызша, бұл арада батыстық авторлар армяндарды әлімсақтан Қап тауының күнгейінде пайда болып, сол жерде ғасырлар бойы отырған халық деп санайтын болса керек.

Тарихқа тым терең тартпасақ та, бұдан тура бір ғасыр бұрын армяндар христиандық Батыс әлемінің үмітін жаққан еді. Олар мұны қиырдағы күншығыстан Кіші Азияға дейін тұтасып жатқан Тұран әлемінің ортасына түскен өткір сына қатарында қабыл алды. Айталық, 1919 жылы әйгілі америкалық дипломат Джеймс У. Жерард Вашингтонның назарын Оңтүстік Кавказға аударуға күш салған. Ол АҚШ-тың Германиядағы елшісі болып тұрған тұста америкалық ірі басылымдарға мақалалар жариялап, «Армян мемлекеті – пантүркілік амбицияның кеңеюін тоқтататын жалғыз тосқауыл» деп жар салған. Ол Орта Шығыстағы геостратегиялық мүдделерін алға жылжытуда Оңтүстік Кавказ аймағының маңызын ескерте отырып, «тек Армения ғана түріктерді қамауға ала алады» деген ойды ортаға салған. Әрине, оның бастамасы бірден АҚШ-тың аймақтағы ұстанымына айналған жоқ. Бірер жылдан кейін АҚШ Мемлекеттік департаментінің арнайы есебінде бұл көзқарастар түрлі жағынан толығып қабылданды. Онда: «Армения Кавказ арқылы ғана емес, сонымен қатар Қытайдан Кіші Азия жағалауына дейін созылатын ислам мемлекет-

терінің берік тізбегін құру жолындағы жалғыз кедергі саналады» делінген.

Міне, бұл жағдайлар сол кездегі американың саясаткерлерді Арменияға тек гуманитарлық мақсаттармен ғана емес, ұлттық мүдде тұрғысынан назар аударуға итермелеген. Әрине, ол кезде бізді қамтыған еуразиялық алып аймақта пантүркілік, панисламдық үрдістер іргелес ірі күштерді алаңдатарлық деңгейде болғаны рас. Бірақ бүгінгі жағдай өткен ғасырдың бас шенімен салыстырғанда мүлде басқаша.

ҒАСЫРЛЫҚ ҚҰРСАУДАН САҢЫЛАУ ТАБУ

Бір анығы, түркі мемлекеттері Ресей мен Иран Кавказ айдынында негізгі ойыншыға айналумен бұрын тұтасып жатты. Және қазіргі жағдайдан қарағанда әлсіз болса да интеграциялық қадамдар жасалуда. Уақыт өте келе бұл да ірі күштердің назарына ілінері сөзсіз. Кавказдың оңтүстігінде әзербайжандардың басымдыққа ие болып, аймақтағы геосаяси жағдайға әсер ететінін саясаттанушылар мен конфликтологтар ертерек болжады. Мысалы, Збигнев Бжезинский өзінің әйгілі «Ұлы шахмат тақтасы» (1997 ж.) атты еңбегінде Оңтүстік Кавказдың қазіргі жағдайын нақты болжай алған. Тіпті, ол Әзербайжанның ірі күштер арасында кімдер тарапында болуы Орта Азия елдерінің ұлттық мүддесіне түбегейлі әсер ететінін көрсеткені бар. Бжезинский әсіресе Әзербайжанның Орта Азия мен Еуропа нарығын мол энергия ресурсымен толтырудағы маңызын айрықша атаған.

«[Әзербайжан] бұл Каспий теңізі бассейнінің және Орта Азияның байлық толы ыдысының тығыны іспетті. Егер Әзербайжан толығымен Мәскеудің бақылауында болса, онда Орта Азия елдерінің тәуелсіздігін іс жүзінде еш мәні жоқ ұғым ретінде қарастыруға болады», – деген З.Б.



жезинский. Нақты жағдай аталған саясаттанушының көзқарасымен бүтіндей сәйкес келе бермеуі де мүмкін. Бірақ Оңтүстік Кавказдағы өзгерістердің біздің геосаяси аймақ үшін жасайтын ықпалы зор. Бұл жайында бұған дейін де айтқан едік.

Қап тауының күнгей бетіндегі жаңа өзгеріс белгілі деңгейде Орта Азияның геостратегиялық қамауын жеңілдетті. Ресей, Қытай, Иран сынды Азияның ірі күштері арасындағы аймақ үшін ғасырлық құрсаудан саңылау табу осы аймақтың болашақ баянды дамуы мен сақталуының маңызды шарты. Әрине, аймақ елдері өзінің бейбітсүйгіш, тұрақтылықты қолдаушы, БҰҰ-ның ортақ ережелерін қорғаушы ұстанымынан айнымауы да өз алдына өте маңызды.

АЙМАҚ БОЛАШАҒЫ МЕН МҮДДЕСІ МАҢЫЗДЫ

Дональд Трамп тұсында Вашингтон мен Анкара қарым-қатынасы салқындап кетті. Ұзақ уақыттан бері екі ел дипломатиясындағы кейбір қалыптасқан дәстүрлер бұзылғандай болды. Батыстық кейбір авторлар Түркияның соңғы 20 жылдағы сыртқы саясатын Тұранның біртұтас белдеуін қалыптастыруды жеделдетті деп қарайды. Бұл көзқарас шынайы жағдайға сәйкес келмеуі де мүмкін. Орта Азия елдері Тұран әлемімен сыртқы амбициясыз, тек өзінің ұлттық

мүддесін қамтамасыз ету тұрғысында, мәдени-гуманитарлық, экономикалық қадамдарды ғана дамытып келеді. Алайда, кейбір Батыс саясаткерлері жағынан Тұран әлемінің қайта оянуы қазіргі Ресей факторына байланысты көлеңкеде қалып келе жатқанын еміс-еміс сөз ете бастады. Шындап келгенде, Батыстағы ірі күш орталықтарын бұл интеграцияның болашағы алаңдатуы да мүмкін.

Қазіргі күрделі халықаралық жағдай кейбір тарихи мүмкіндіктерді бере отырып, алдағы ұзақ болашақтың қалыбын құрып жатыр. Қап тауындағы қайта қалыптасқан кейбір ережелер мұның бір дәлелі сынды. Дегенмен, Орта Азия елдері өзінің тұтас әлемдік бейбітшілік пен тұрақтылыққа жаршы, адамзаттың ортақ құндылықтарына қолдаушы екенін таныта түсуі керек. Бұл осы аймақтың алдағы болашағы мен ондағы елдердің ұлттық мүддесі үшін маңызды болмақ.

Естай БОЖАН,
сарапшы.



ЭКОНОМИКА

Қазақстан пандемия алып келген қиындықтарды енді ғана еңсеріп, екі жыл қатарынан жоғары ұстап келген базалық ставканың жағымды әсерін сезіне бастады. Қыркүйек айының қорытындысында жылдық инфляция мәні 11,8 пайызға дейін төмендеді.

ЖЫЛДЫҚ ИНФЛЯЦИЯ 11,8 пайызға дейін төмендеді

Баға өсуі мен түсуінде өңірлер диспропорциясы байқалады. Қыркүйекте бағаның ең көп өсуі Ақмола облысында орын алған – 13,2%. Ең төменгі инфляция деңгейін (10,4%) Алматы қаласы көрсетті. Егер Алматы осы қалпынан таймаса, халық саны көп болғандықтан Қазақстанның ортақ статистикасын да өз орбитасында ұстап отыра алады.

Бірақ көп тауарлар санаты бойынша баға өсуі әлі де жалғасуда. Соңғы 12 айда күріш – 41,3%, жүзім – 37,9%, газдалмаған сусын – 23,9%, айран – 17,5%, тоқаш – 15,9%, сары май – 14,8%, жұмыртқа – 13,6%, макарон – 12,6%, шай – 11,5%-ға қымбаттаған. Керісінше, қарақұмық – 18,3%, қант – 18,1%, сарымсақ – 15,9%, күнбағыс майы – 14,8%-ға арзандады.

Осы ретте Ұлттық статистика бюросының методикасы бойынша динамика салыстырмалы түрде қарастырылады. Яғни былтырғы қымбаттау биылғы қымбаттаудан екі есе көп болған. Биыл қымбаттау

бар, бірақ былтырғыдай емес, сабағына түсіп келе жатыр.

Қазақстанда қымбатшылық еш уақытта тоқтамаған. 30 жыл бойғы статистиканы зерделесек, инфляция 0% болған бірде-бір жыл көрмейміз. Елдегі ең жоғарғы инфляция 1992 жылы орын алды. Ол жылы бағалардың өсуі 2860,8% көрсетті. Ал 1998 жылы қазақ тарихындағы ең төмен инфляция – 1,9% тіркелді.

ИНФЛЯЦИЯ ТҮССЕ НЕ БОЛАДЫ?

Инфляция төмендесе, базалық ставканы түсіруге де жол ашылады. Ертең Ұлттық Банктің ақша-несие бойынша Комитеті базалық ставка бойынша кезекті шешімін шығармақ. Сарапшылардың көбісі ставка кемінде 0,5 пайызға түседі деп болжайды. Демек, жайлап кредит те арзандай бермек.

Айбар ОЛЖАЕВ,
сарапшы.

ҰЛТТЫҚ ЖОБА

КӘСІПКЕРЛІКТІ ДАМУ – БАСТЫ НАЗАРДА

Елімізде «2021–2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі Ұлттық жоба» жоспар бойынша жүзеге асып келеді. Жыл басынан бері жоба аясында «Даму» қорының Алматыдағы аймақтық филиалы 806 жобаға қолдау көрсетті.



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

ШОБ-тың бәсекеге қабілетті секторын қалыптастыруға, кәсіпкерлердің экономикалық белсенділігін арттыруға және кәсіпкерлік субъектілері үшін тең жағдайлар жасауға бағытталған жоба бүгінде өз жемісін беріп жатыр. Бұл ретте алматылық кәсіпкерлердің бәсі түгел. Олар «Пайыздық мөлшерлемені субсидиялау» бағыты бойынша пайыздық мөл-

шерлемелерді төмендету түріндегі қолдауға ие болды.

Сала мамандарының айтуынша, мұндай қолдауға ие болудың өзіндік шарттары бар. Мәселен, бір кәсіпкер

КЕРЕК ДЕРЕК

- Кәсіпкерлікті дамытудың 2021–2025 жылдарға арналған ұлттық жобасы 2021 жылдың қазан айында бекітілген.
- Жыл басынан бері жоба аясында «Даму» қорының Алматыдағы аймақтық филиалы 806 жобаға қолдау көрсетті.

үшін 3 млрд теңгеден аспауға тиіс.

Субсидия мөлшері: ҚР ҰБ базалық мөлшерлемесі +5%, оның 13,5%-ын мемлекет субсидиялайды, ал айырмасын кәсіпкер төлейді.

Несие мерзімі инвестицияға субсидиялау мерзімін ұзарту құқығынсыз 5 (бес) жылды құрайды. Одан кейін айналым қаражатын толықтыру субсидиялау мерзімін ұзарту құқығынсыз 3 (үш) жылды құрайды.

АРТЫҚ БОЛМАС БІЛГЕНІҢ...

- Субсидиялау дегеніміз – банктердің бизнесті дамытуға беретін несиелерінің сыйақы мөлшерлемесін төмендету деген сөз.
- Кепіл болу – банктердің несиелері бойынша кепілзат ретінде ішінара кепілдік беру.



БАСПАСӨЗ ТУРЫ

ӘКІМДІК ҒИМАРАТЫ ҚАЛПЫНА КЕЛТІРІЛДІ

Қаңтар оқиғасы кезінде өртке оранған Алматы әкімдігінің ғимараты бүгінгі күні толықтай дерлік қалпына келтірілді. Осыған орай БАҚ өкілдеріне арнайы баспасөз туры ұйымдастырылып, әкімшілік ғимаратының қазіргі жәй-күйі көрсетілді.

Досбол
АТАЖАН

Алматыдағы қалалық әкімдік ғимараты 1978 жылғы ескі сызбалар бойынша қалпына келтірілді. Нысанды қайта жасау 2022 жылдың ақпанында басталған болатын. Ғимараттың архитектуралық стилі толығымен сақталып, едендердегі, бағандардағы, төбелердегі мәрмәр жабыны, сондай-ақ жез элементтер қалпына келтірілген.

«1978 жылдың жобалық шешімінде болған сурет қайта жасалды. Тіпті, кабинеттердің конфигурациясы өзгерген жоқ, тек 3 павильонда орналасқан қоғамдық қабылдау бөлмесінің конфигурациясы өзгерді. Біз бірнеше кабинетті біріктіріп, алғаш рет осы ғимаратта халықтың барлық санаттары, соның ішінде мобильділігі төмен азаматтар үшін кедергісіз қолжетімділікті қамтамасыз еттік», – деді бас мердігер, «Атрикс-Строй» ЖШС құрылыс компаниясының директоры Әміржан Нәбиев.

Бұл аймақ банктік қызмет көрсету қағидаты бойынша жабдықталған: адам келіп, азаматтардың өтініштеріне жедел түрде жауап беретін маманға талон беріледі.

«Кеңес заманында ғимараттарды салу кезінде халықтың мобильділігі төмен топтарының қолжетімділігін қамтамасыз етуге бағытталған стандарттар көзделмеген. Біз соның бәрін ескердік, әкімдік ғимаратында нашар көретіндерді навигациялауға арналған тактильді плиткалар бар, бірінші павильон жағынан мүгедек адамдарға арналған пандус қарастырылған. Желтоқсан және Сәтбаев көшелері жағынан аз қамтылған азаматтарға арналған жолдар бар», – деді Ә.Нәбиев.

Ғимаратты қалпына келтіру кезінде инклюзивті шешімдерді енгізу арқылы



азаматтардың барлық санаттары үшін жайлылық пен кедергісіз ортаны қамтамасыз ету маңызды критерий болды. Әкімдік ғимаратында лифтілер, электр көтергіш, мүгедектігі бар адамдарға арналған жуынатын бөлмелер және мобильділігі төмен топтарға арналған арнайы таңбалау, пандустар, шақыру түймелері, Браул алфавиті бар.

10 БАЛЛҒА ТӨТЕП БЕРЕДІ

Қалалық әкімдік ғимаратында энергия үнемдеу технологиялары қолданылып, өртке төзімді материалдар пайдаланылды, сондай-ақ барлық қабаттар бойынша өрт сөндіру және кіруді бақылау жүйелері бар. Сонымен қатар, халықаралық стандарттарды ескере отырып, ғимараттың сейсмикалық күшеюі мен жер сілкінісіне төзімділігі бойынша үлкен жұмыс жүргізілді.

«Әкімдік ғимаратын реконструкциялау кезінде бөлшектеу барысында белгілі бір қиындықтар байқалды. Мысалы, өрт кезінде бірнеше плиталар беріктігін жоғалтты және оларды жаңа жолмен толтырып, күшейтуге тура келді. Сейсмикалық күшейту жұмыстары аясында металдың көп мөлшері жұмсалды, қазір бұл жұмыстар көрінбейді, бірақ төтенше жағдай кезінде берік конструкциялар ғимаратты сақтап қалуға мүмкіндік береді», – деді мердігер компаниясының директоры.

Оның айтуынша, Алматы әкімдігінің ғимараты реконструкциядан кейін жер

сілкінісі болған жағдайда 10 баллға төтеп бере алады.

ОТҚА ТӨЗІМДІ МАТЕРИАЛДАР
ҚОЛДАНЫЛДЫ

Алматы әкімдігінің ғимаратын қалпына келтіруде өртке төзімді материалдар пайдаланылды. Бұл туралы да бас мердігер Әміржан Нәбиев айтып берді.

«Қаңтар оқиғасы кезінде әкімдік ғимараты төрт күн бойы өртенді. Паркет, ағаш есіктер, терезелер отқа оранды. Қазір жаныбайтын алюминий терезелер орнатылды, барлық қабатта жаныбайтын плитка қойылды. Барлық материал отқа төзімді. Бүгінде өрт сөндіру жүйелерінің өзі өртті қысқа мерзімде, тіпті адамның қатысуынсыз да оқшаулауға мүмкіндік береді. Мұның бәрі автоматты түрде жұмыс істейді.

Бұл бірінші санатты қамтамасыз ету ғимараты: оның екі есігі бар, дизель генераторы түріндегі балама қуат көзі де бар. Бұған қоса, тіпті күрделі жағдайдың өзінде бүкіл жүйенің автономды жұмыс істеуіне мүмкіндік беретін үздіксіз жүйелер орнатылған. Әрі мұндағы үш павильон автономды және тәуелсіз жасалған. Бұрын бәрі бір жүйеде болатын», – деп атап өтті ол.

ҚОҒАМДЫҚ ҚАБЫЛДАУ
ЖҰМЫС ІСТЕЙДІ

Алматы әкімдігінің қайта жаңартылған ғимаратында қоғамдық қабылдау жұмыс істейді. Бұл туралы Алматы қаласының

әкімі аппаратының басшысы Бейбіт Шаханов айтты.

«Бұрын-соңды әкімдікте мұндай зал болмаған, сондықтан жөндеу жұмыстары кезінде біз 1-қабаттың бір қанатын арнайы бөлдік. Келуші кез келген мәселемен залға кіре алады. Күту залын кең жасадық. Әрі қарай адам бағыты бойынша талон таңдайды. Экрандарда кезек қашан келетіні көрініп тұрады. Сонымен қатар, бірден кеңес беретін, егер қандай да бір шағым болса, өтінішті қабылдайтын зал бар. Бұл қоғамдық қабылдау дәл қазір мейлінше тез шешім қабылдауға бағытталған, яғни мамандар мүмкіндігінше барлық мәселені шешуге тырысады. Егер оған мүмкіндік болмаса, уақыт қажет болса, өтініш қалдырып, шешіміңізді белгіленген тәртіппен күте аласыз», – деді Бейбіт Шаханов. Сондай-ақ, ол айтылған аймақта балаларға да жағдай жасалғанын атап өтті.

«Мұнда барлық жағдай бар, баламен келгендерге ойын алаңы, экрандар, орындықтар қойылған. Ана мен бала бөлмесі, мүмкіндігі шектеулі жандарға қолайлы жағдай жасалған. Біз әкімдікке келетін азаматтар үшін жағдай жасауға барынша әрекеттендік. Азаматтарды қабылдау аппарат пен басқарма көшкен кезден басталады. Менің ойымша, бұған аз ғана уақыт қалды. Біз біртіндеп көше бастаймыз. Қазір кейбір қызметкерлер көшіп келді», – деді Алматы әкімі аппаратының басшысы.

Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

ӘКІМ ТАПСЫРМАСЫ

ҚАЗАНДЫҚТАР ҚЫСҚА ДАЙЫН

Күздің келгені кеше ғана сияқты еді... Енді бір-екі айда қылышын сүйретіп, қыс та келеді. Ал бұл – алдағы маусымға дайындық жұмыстарын тағы бір пысықтап алатын кезең.

Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Алматыда қала әкімінің тапсырмасы бойынша энергетикалық инфрақұрылымның 2023-2024 жылыту қысқы кезеңіне дайындығын қамтамасыз ету бойынша жұмыстар басталды. Бүгінгі таңда барлық қазандық қыс маусымына 100% дайын.

ЖЫЛЫТУ
ҚҰРЫЛҒЫЛАРЫ
ЖАҒАРДЫ

Жылыту маусымы қарсаңында мегаполисте 9 ірі және 75 шағын қазандыққа жөндеу жұмыстары аяқталды. Алдағы қыс айларында АЖКЭ қалалық қазандықтарынан барлығы 141 мыңнан астам тұтынушы жылумен қамтамасыз етіледі.

Жылу генерациялау нысандарын жоспарлы реконструкциялау

аясында жылуаралық кезеңде 7 қазандықта 12 су жылыту қазандығы, 19 қазандықта 41 айналмалы механизм (түтін сорғылары мен сорғылар) ауыстырылды. Медеу және Түркісіб аудандарында орналасқан 3 жалпы білім беретін мектепті, 2 балабақшаны және 1 қалалық клиникалық аурухананы жылытатын 4 қазандыққа жаңа жабдық орнатылды.

Есептеулер көрсеткендей, биыл жыл соңына қарай Алматыда қазандық жабдықтарының тозуы 1,2%-ға азаяды.

Сонымен қатар, қазандықтардың уақытылы реконструкциясы мегаполистің экологиясына жағымды әсер етеді. «Алматытеплокоммунэнерго» ЖШС мамандарының айтуынша, бүгінде жылу энергиясын өндіру үшін АЖКЭ қазандықтары, бір жергілікті қазандықты қоспағанда, тек табиғи газды пайдаланады. Мониторингке сәйкес, көгілдір отынды пайда-



ланудың нәтижесі соңғы 5 жылда атмосфераға шығарындылардың көлемін 2 есеге азайтып отыр.

ЖЫЛУ МАГИСТРАЛІ

«АлЭС» АҚ энергия жабдықтарын жаңғырту жұмыстары штаттық кестеге сай жүргізіліп жатыр. ЖЭО-2 және Каскад ГЭС бойынша осы жылдың қараша

айында жөндеуді аяқтау жоспарланған. Айта кетейік, екі нысанда жаңғыртуды жалғастыру жылу беру көздерінің маусымға дайындығына әсер етпейді. Яғни жұмыс параллель жүреді.

Қазіргі уақытта көмір мен мазуттың жоспарлы жинақталуы жүріп жатыр. Газ ЖЭО-1 мен бағыс жылу кешенінің бұрылысы

басталғаннан бастап қажетті мөлшерде пайдаланылады.

ЖЕЛІЛЕРДІ ЖАҒҒЫРТУ

Ганди көшесі бойындағы Қозыбаев көшесінен Бостандық ауданындағы Оңтүстік-шығыс аудандық қазандығына (Қаратаев көшесі, 38Б) дейінгі жылу магистралін; Есенов-Колпаковский көшесіндегі Раскова көшесінен Жетісу ауданы №14 лицейі мектебінің ғимаратына дейінгі жылу желілерін; Уәлиханов көшесінен Медеу ауданы Абдуллиндер көшесіне дейінгі Қазыбек би көшесіндегі жылу желілерін реконструкциялау жұмыстары аяқталды. Жолдардағы шектеулер алынып тасталды.

Жүргізілген жұмыстар қалалық қазандықтарда штаттан тыс жағдайлардың туындау қаупін барынша азайтады, олар өндіретін жылу сапасын арттырады, техниканың тозу пайызын айтарлықтай төмендетеді, оған қызмет көрсету мен жөндеу шығындарын азайтуға мүмкіндік береді.

Қалада үздіксіз газбен жабдықтауды қамтамасыз ету бойынша жөндеу жұмыстары да аяқталды.



ЖАҢА АЛМАТЫ

«ҚАУІПСІЗДІК АРАЛДАРЫ»

қала көшелерінде жаяу жүргіншілерге арналған шағын аймақтар пайда болды

Биыл Алматыда жолдарды орташа жөндеу аясында жаяу жүргіншілерге арналған жеті «қауіпсіздік аралдары» жабдықталды. Атап айтқанда, олар Сейфуллин даңғылында, Жұмабаев көшесінен төмен, Абай даңғылында, Абылай хан даңғылының қиылысында, сонымен қатар, Желтоқсан, Қонаев, Наурызбай батыр және Масаншы көшелерінде пайда болды. «Аралдар» «Vision Zero Almaty» іс-шарасы бойынша Алматы әкімдігінің мектептер, балалар және мектепке дейінгі мекемелер маңында жобалық кеңсесінің қолдауымен жабдықталды.



Құралай
ЖҰМАДІЛОВА

«Қауіпсіздік аралдары» – бұл жаяу жүргіншілер көлік легін күтетін және көлік иелері жылдамдықты төмендетуі керек арнайы таңбаланған жолдағы шағын аймақтар. Бұл әлемнің көптеген елінде жол қозғалысы қатысушыларының қауіпсіздігін арттыру және жолдардағы ЖКО санын азайту үшін орнатылады.

Бұған қоса, жолаушылардың қауіпсіздігі және қоғамдық көліктің ыңғайлы тоқтауына, аялдамада мүмкіндігі шектеулі адамдарға арналған 4 және одан да көп жолақты жолдарда автобус пандустарын орнату үшін автобус қалталары жойылады. Бұл жұмыстар Сейфуллин даңғылында, Абай даңғылында, Саин даңғылында жүргізілді. Әрі Алматы бойынша жолаушылардың автобустарды жайлы күтуі үшін аялдамалар тиісті жағдайға келтіріледі.

ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІК

МЕТРОМЕН ЖҮРЕТІНДЕР САНЫ АРТТЫ

Бұл – Алматының жол қозғалысы үшін де едәуір көмек

Бүгінде метромен жүретін жолаушылардың қатары көбейді. Бұл көрініс қаладағы қоғамдық көліктің маңызын арттыра түсері сөзсіз.



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Стратегиялық маңызды нысанның көлік кептелісін қысқартуға, қаланың экологиялық ахуалын жақсартуға және көлік мәдениетін қалыптастыруға ықпалы зор. Сондықтан болар, қарапайым халық үшін қазіргі таңда ең қолайлы көлік метро болып тұр. Діттеген жеріне дін-аман жеткізетін көлікке мінсеңіз, кептеліс дегенді білмейсіз, бұл – бір. Екіншіден, уақытыңыз зая кетпейді, үшіншіден, жайлы әрі қауіпсіз. Осындай артықшылықтарын білетін жолаушылар бүгінде бұл көлікті ұдайы пайдаланып жүр.

Жерасты көлігі, әсіресе, жұмыстан қайтар уақытта жолаушыларға ықпалы зор. Тіпті, кейінгі кезде шамадан тыс көбейе түскен.

«Метрополитен» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының мәліметінше, Алматы метросындағы жолаушылар ағынына тұрақты түрде мониторинг пен талдау жүргізіледі. Айтудың оңайы, бүгінгі таңда желіде 10 құрам жүреді. Олардың әрқайсысы 900 адамға дейін сыйымдылығы бар 4 вагоннан тұрады. Талдауға сәйкес, жаңа оқу жылы басталысымен таңғы сағат 08.00-ден 09.00-ге дейін Момышұлы мен Райымбек станцияларында 1400 адамға дейін жолаушылар саны тасымалданады. Ал кешкі 19.00-ден 20.00-ге дейін Жібек жолы және Момышұлы станцияларында жолаушы саны 1600

адамға дейін жетеді. Қалған уақыттарда жолаушылар саны – 400–600 адамды құрайды. Құрамдар арасындағы қозғалыс аралығы 6 минут 12 секунд екен.

Алматының көлік кептелісі, жолаушы тасымалы мәселесін шешуге зор үлес қосып жатқан метро құрылысын әрі қарай дамыту мақсатында бүгінде атқарылып жатқан ауқымды жоспарлар бар.

Бүгінде «Метрополитен» кәсіпорны желіде құрамдар санын көбейту мен қозғалыс аралығын азайту мәселесін қарастырып жатыр. Жалпы, Алматы метророларының интерьері өте әдемі. Егер алдағы уақытта салынады деп жоспарланған бекеттер ұлттық нақышта безендірілетін болса, Алматы метросы жерасты мұражайы атануы да ғажап емес.



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

КЕРЕК ДЕРЕК

- Алматы метрополитені Қазақстандағы алғашқы, Орталық Азияда екінші (Ташкент метрополитенінен кейін) және ТМД-дағы 16-шы метрополитен саналады.
- Қазіргі таңда желіде 10 құрам бар.
- Болашақта «Қалқаман» станциясы құрылысын аяқтап, метроны батыс бағытта «Барлық» базарына дейін дамыту жоспарланған.
- Алматы метрополитені күніне шамамен 85 мыңға жуық жолаушы тасымалдайды.

ЗЕРТТЕУ

Алматы өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында Ә.Марғұлан атындағы Археология институтының Бас директорының ғылым жөніндегі орынбасары, тарих ғылымының кандидаты Талғат Мамыров еліміздің археологтары ежелгі адамдардың өмірі мен тұрмысын зерттеуді жалғастырып жатқанын баян етті. Талғат Базарбайұлы биыл институттың 52 экспедициясының жұмысы нәтижесінде археологиялық қазба жұмыстарының бір бөлігі аяқталғанын, бір бөлігі бойынша дала жұмысы жүргізіліп жатқанын атап өтті.

АРХЕОЛОГТАР ҮШІН
ӘРБІР ОЛЖА – БІРЕГЕЙ

Айнабай
МӘДИ

Археологтардың алдында ғұн-сармат дәуірін зерттеу міндеті тұр. Бұл хронологиялық кезең ел аумағында аз зерттелген. Биыл ғалымдар «Қазақстан тарихындағы ғұн-сармат дәуірі» жобасын жүзеге асыра бастады. Бұл бағдарламамен Ақтөбе, Алматы, Қарағанды, Қостанай, Қызылорда, Маңғыстау мен Шығыс Қазақстан облыстарында 10 археологиялық жасақ жұмыс істейді. Қызықты нәтижелер де жок емес.

Талғат Мамыров биыл ежелгі металлургтердің қола дәуіріндегі қоныстарында археологиялық жұмыстар жүргізілгенін, мұндай жұмыстардың Алматы және Жетісу облыстарында да жоспарланғанын атап айтты. Сондай-ақ, 13 гранттық жоба жүзеге асырылуда. Журналистерге экспедициялардан түскен фотосуреттер көрсетіліп, археологтар қазба жұмыстарында әртүрлі әдіс қолданатынын айтты. Сонымен қатар, ғалымдар эксперимент жүргізуде. Мәселен, биыл Еңбекшіқазақ ауданының аумағында «Рахат» ескерткішінің жанында жылқы қаңқасын тас құралдармен бөлуде халықаралық эксперимент жүргізді. Яки, ғалымдар бұл процесті ежелгі адамдар сияқты жасады.

«Археология тек қазба ғана емес, бұл ұзақ камералық кезең екенін түсіну керек. Нәтиже алу үшін барлық табылған заттар камералық зертханада дұрыс өңделуі керек. Бізде бірнеше зертхана: археологиялық технология, зооархеология, физикалық антропология жұмыс істейді. Ғалымдар адамдардың, жануарлардың қалдықтары, т.б. зерттеуде», – дейді Т.Мамыров.

Мысалы, зерттеулердің арқасында ежелгі адамдардың керамикалық ыдыстардан қандай тағам жегенін анықтауға болады. Кейін барлық материалдар институттың қоймасына түседі. Ғалымдар жұмыстың бүкіл нәтижесін өздерінің ғылыми мақалаларында жариялайды. Журналистердің сұрақтарына жауап берген институт Бас директорының ғылым жөніндегі орынбасары әсерлі олжалар жөнінде айтты. Археологтар үшін әрбір олжа бірегей екенін, тіпті ежелгі ыдыс-аяқтың кез келген сынығы да көп нәрсені аңғартатынын атап өтті.

Соңғы жылдары Жетісу облысының аумағында: Ордакүл кешенінің аумағындағы елдімекенде, петроглифтер көп тіркелді. Спикер археологияға көп көңіл бөлінетінін атап өтті. Археология, жалпы ғылым сияқты, қарқынды дамып келеді, өз жұмысында археологтар ғылымның басқа салаларындағы әдістерді де қолданады. Институт бейінді мамандар даярлайтын жоғары оқу орындарымен тығыз, өзара байланыс жасайды.

«Қазір археологиялық қазбаларды көтере келе, біз көптеген үлгіні алуға тырысамыз. Біз оны қазір түгелдей зерттей алмасак, оны болашақ ұрпаққа қалдырамыз. Бүгінгі таңда көптеген табылған олжа қайта қарастырылуда», – деп сөзін аяқтады спикер.



ЖЫЛУ БЕРУ МАУСЫМЫ

«АлЭС» АҚ: қыс маусымына дайындық

Жылу беру маусымы қарсаңында алматылықтарды алдымызда күтіп тұрған қыс мезгілі алаңдатады. Бүгінгі таңда бұл тақырыпқа алаңдаушылық себебі – өткен маусымда елдің бірқатар аймақтарында туындаған ТЖ, әлі де қоғамдық резонанспен, сондай-ақ барлық деңгейдегі биліктің жергілікті әкімнен – Мемлекет басшысына дейін осы жағдайға ерекше назары ауып тұр. Көптеген аймақтар жылу көздері мен желілерін жөндеу науқанына қомақты қаражат алды.

Жөндеу кестесіне сәйкес

Ал Алматы энергосетінің қысқа дайындығы қалай? Бұл туралы «Алматы электр станциялары» АҚ Басқарма Төрағасының орынбасары – Бас инженері Ғазиз Исмұхамбетовпен сөйлесейік.

– Ғазиз Жұмабайұлы, станциялардың жылу беру маусымына дайындық деңгейі қандай, отын дайындау жағдайы қалай?

– Біз қала тұрғындарының осы тақырыпқа деген алаңдаушылығын жақсы түсінеміз және өткен жылғы күз мезгілінің басында Қазақстанның солтүстік өңірлерінде орын алған төтенше жағдай бізді алдағы жылу беру маусымына дайындықты алдын ала бастауға итермеледі. Сонымен қатар, 2022 жылы компания қажетті материалдарды сатып ала бастады, қазандарды жөндеу үшін ауыстыру элементтерін дайындады. Сондай-ақ, біз мердігерлік жұмыстар мен материалдарды жеткізуге қажетті шарттар жасау үшін тендерлік рәсімдерді өткіздік. Сондықтан жөндеу науқанының басталуы бекітілген жөндеу кестесіне сәйкес ағымдағы жылдың наурыз айында уақытылы басталды.

Нәтижесінде: ағымдағы жылдың 1 қазанына «АлЭС» АҚ энергетикалық жабдықтарының 83%-ы жөнделді. Бұл күзгі кезеңді сәтті өткізу үшін жеткілікті. Жөндеуде қазан айында жөнделетін энергетикалық жабдықтың 14%-ы, ал жабдықтың 3%-ы қараша айында жөнделеді. Барлық жоспарланған жөндеулер («КЕГОК» АҚ жүйелік операторымен келісілген жөндеу кестесіне қатаң сәйкес орындалады.

Отын қорларын құру мақсатында көмір, мазут, табиғи газ жеткізуге шарттар жасалды. Қазіргі уақытта көмір мен мазуттың жоспарлы жинақталуы жүріп жатыр. Газ жазғы кезеңге жоспарлы түрде тоқтатылған 1-ЖЭО мен Батыс жылу кешені іске қосылғаннан бастап қажетті мөлшерде пайдаланылатын болады.

Қаржыландыру көздері

– Өткен жылу беру маусымында штаттан тыс жұмыс істеген бірқатар қазақстандық станциялар мемлекеттік бюджеттен немесе жергілікті бюджеттерден қосымша ресурстар алды. «АлЭС» АҚ-ның жөндеу бюджеті қандай және оны толтыру көздері?

– Жөндеу қорын қаржыландыру көзі шығындардың тарифтік сметасына, амортизациялық аударымдар мен пайдаға салынған меншікті қаражат болып табылады.

– Ағымдағы, жоспарлы жөндеуден басқа, жабдықтың тозуына немесе оның штаттан тыс істен шығуына байланысты қосымша жұмыстар жүргізуге тура келді ме?



– Жабдықты жөндеуді жоспарлау алдын ала жүзеге асырылады және перспективалы бес жылдық жоспарларда көрсетіледі, сонымен қатар жыл сайын жабдықтың жағдайына байланысты түзетілуі мүмкін. Сондай-ақ, жыл сайын жабдықтың алдыңғы пайдалану кезеңінен өткен кездегі техникалық жай-күйінің нақтыланған деректерін негізге ала отырып, жылдық жоспарлар мен жөндеу кестелері жасалады. Бұл ретте жөндеу жоспарлары бес жылдық жоспардан өзгеше болуы мүмкін. Сонымен қатар, жоспарлы жөндеу жұмыстарын жүргізу кезінде жабдықта оның физикалық тозуына байланысты қосымша жұмыс көлемін анықтау жағдайлары бар, оларды энергия көздерінің жұмысының сенімділігін қамтамасыз ету үшін орындау қажет.

Билік пен энергетикалық қадағалаудың бақылауында

– Мемлекет басшысы Үкіметке және жылу беру маусымына жауапты барлық мемлекеттік құрылымдарға бұл процесті бақылауда ұстауды тапсырды. Ел Президенті де, вице-премьер Роман Скляр да бірқатар аймақтарға барды. Кейбір өңірлерде халықты хабардар ететін қоғамдық комиссиялар, мемлекеттік комиссиялар құрылды. АлЭС-те жөндеу жұмыстарының барысын кім бақылайды, Сізге қандай ұсыныстар берілді?

– «АлЭС» АҚ электр станцияларының негізгі энергия жабдықтарын күрделі жөндеу «Қазақстан БЭЖ электр станцияларының 2023 жылға арналған негізгі жабдықтарын жөндеу кестесінде» көрсетілген. Құжат ҚР жүйелік операторының ұлттық диспетчерлік орталығымен келісілді. Бұл кестенің орындалуы вице-премьер Роман Склярдың бақылауында.

«АлЭС» АҚ электр станцияларының алдағы жылу беру маусымына дайындығын ҚР Президенті Аппаратының мемлекеттік инспекторы тексерді. Бұдан басқа, компанияның энергия көздерін жөндеудің жылдық жоспарының орындалуы барысын жоғары тұрған ұйым – «Самұрық-энерго» АҚ, сондай-ақ қалалық және облыстық әкімдіктер, қалалық

және республикалық энергия қадағалау органдары бақылайды.

Жүргізілген тексерулер барысында жөндеу кестелерін сақтау және жоспарланған жөндеу көлемін орындамау жағдайларына жол бермеу жөніндегі ұсыныстар берілді. Көрсетілген ұсыныстарды «АлЭС» АҚ энергия көздері орындайды.

– Тағы бір жиі айтылатын сұрақ: «Алдағы 2-ЖЭО-ны жаңарту жылу беру маусымына әсер ете ме?».

– Ағымдағы жылдың мамыр айының соңында «Dongfang Electric International Corporation, Powerchina Sepcol Electric Power Construction Co., Ltd и Powerchina Hebei Electric Power Engineering Co., Ltd консорциумы» ЕРС-мердігермен шарт жасалды.

Қазіргі уақытта энергия көзінің жұмысымен байланысты емес дайындық жұмыстары жүргізілуде. Алдағы 2023-2024 жылыту кезеңінің өтуіне және 2-ЖЭО жабдықтарының жұмысына, алдағы қайта құру ешқандай әсер етпейді.

– Алматы картасына қарасақ, жылумен және жарықтың қандай үлесін «АлЭС» АҚ қамтамасыз етеді?

– Біздің компания жылу энергиясын өндіру жөніндегі табиғи монополия субъектісі және электр энергиясын өндіру жөніндегі нарық субъектісі болып табылады. Біз Алматының тұтынушыларын орталықтандырылған жылумен жабдықтау аймағында электр энергиясын 51,4%-ға, ал жылу энергиясын 70%-ға өндіріміз және қамтамасыз етеміз.

Егер кенеттен күн жылынып кетсе...

– Көп кездесетін жағдай, суық күз келіп, бірақ жылу берілмейді немесе керісінше, қазан айының соңында кенеттен күн жылынып кетсе, ал батареялар ыстық. Терезелер айқара ашылды. Алматыдағы жылумен жабдықтау параметрлерін айта кетсеңіздер, мұнда қандай нормативтер мен әрекеттер қолданылады?

– ҚР «Құрылыс терминологиясы» қағидалар жинағына сәйкес Алматы үшін негізгі көрсеткіштер анықталды. Мысалы: жылыту кезеңінің орташа ұзақтығы, ол кезеңнің орта-

ша тәуліктік температурасына байланысты 164–179 күнді құрайды; ең суық бес күндікте сыртқы ауа температурасы -20, 1°C.

Осы деректердің негізінде «Алматы жылу желілері» ЖШС «Жылу көздерінен 95–70° С жылуды босатудың температуралық кестесін» әзірлейді. Осы кестеге сәйкес, сыртқы ауаның орташа тәуліктік температурасына байланысты «Алматы жылу желілері» ЖШС диспетчері біздің компанияның жылу көздеріне жүктеме береді, ол оның орындалуын қамтамасыз етеді.

Жылыту кезеңінің басталуы және жылумен жабдықтау жүйелерін қосу Алматы әкімдігі жылу беру маусымының басталуы туралы тиісті қаулыға қол қойғаннан кейін жүзеге асырылады. Әдетте, бұл 5 күндік кезеңнен кейін пайда болады, оның барысында сыртқы ауаның орташа тәуліктік температурасы 8°C -тан төмен болады.

– Штаттан тыс жағдайлар туындаған жағдайда компанияның өндірістік резервтері бар ма?

– Компанияның жылу көздері-1-ЖЭО, 2-ЖЭО және БЖК-сақиналы байланысты қамтамасыз ете отырып, магистральдық құбырлармен өзара байланысты. Оларда жылу өндіруші жабдықтардың жеткілікті резервтері, мысалы, 1-ЖЭО және БЖК-дағы шығарылған қуаттарды ауыстыратын су жылыту қазандықтары бар.

Сондай-ақ, жылу көздерінде «Энергия өндіруші ұйымдар үшін күзгі-қысқы кезеңде пайдаланылатын отын қорының нормаларына» сәйкес авариялық және жанғыш отынның 10 күндік қоры қамтамасыз етіледі. Бұл құжат ҚР Энергетика министрінің 2016 жылғы 22 сәуірдегі №172 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №14033 болып тіркелген). Біз негізгі отынды газ және көмірмен қамтамасыз етуге шарт жасаймыз.

Тұрақты жұмыс істеуге дайын болу



– АлЭС-тің жылу беру маусымына дайындығын ресми қабылдау өтті ме?

– Компанияның алдағы жылу беру маусымына дайындығын тексеру үшін «АлЭС» АҚ Басқарма Төрағасының басшылығымен комиссия құрылды. Комиссия құрамына компанияның басшылары мен мамандары, сондай-ақ ТЖ, қалалық әкімдік, қалалық энергетикалық қадағалау департаментінің өкілдері және қоғамдық ұйымдардың өкілдері кірді.

Комиссия жұмысының нәтижелері бойынша тиісті растайтын материалдарды қоса бере отырып, «Әзірлік актісі» жасалды. Бұл акт күзгі-қысқы кезеңде «АлЭС» АҚ энергия көздері жұмысының дайындығын бағалау үшін 21 қыркүйекте Республикалық энергетикалық қадағалауға комиссияның қарауына ұсынылды. Нәтиже қазан айының басында белгілі болады.

– Жылу беру маусымына жалпы болжамдар қандай, қала жылумен және жарықпен қамтыла ма?

– Болжамдар оң дегенмен, тұтынушыларда жылу мен жарықтың болуы «АлЭС» АҚ энергия көздерінің жұмысына ғана емес, жалпы қаланың энергия кешеніне де байланысты. Оған жылу желілері, электр желілері, қалалық су арналары, табиғи газ жеткізушілері кіреді. Тұтынушыларды жылумен және жарықпен қамтамасыз ету үшін «АлЭС» АҚ-ға тәуелділік барлығы дерлік жылумен қамтамасыз ету кезеңіндегі жұмысқа дайын болады.





ТИЛШІ ТАЛДАУЫ

ҚАРЖЫ ПИРАМИДАЛАРЫ:

ҚОҒАМНЫҢ ҚАСІРЕТІ

ашкөздік дерті емес...

Сәл шегініс жасап, осыдан екі-үш жыл бұрын қоғамды дүрліктірген оқиғаларды еске түсірейікші. 2020 жылдың 30 желтоқсанында Алматы қаласында бір топ адам наразылыққа шықты. Адамдардың жанайқайының шығуына Шымкенттегі оқиға себепші болды. 11 желтоқсанда Шымкент қаласының әкімшілігінде «Гарант 24 Ломбард», «Estate Ломбард», «Выгодный займ» пирамидаларының жәбірленушілері наразылық өткізген болатын. Ал 2022 жылдың 11 сәуірінде Астанада Mudabarah Capital қаржы пирамидасының салымшысы өзін жағып жібермекші болды. 2022 жылдың 28 маусымында Ақтөбеде бірнеше салымшылар жоғарыдағы қаржы пирамидаларының зардабын айтып, наразылыққа шығып еді. Мұндай жағдай айта берсе өте көп.

Бір-біріне ұқсас бұл оқиғалардың түп төркіні неде? Әрине, қаржы пирамидаларының заңсыз әрекеттері. Олардың кесірінен салымшылар қаржысынан қағылды, психологиялық қысымға ұшырады. Соңғы 3–5 жылда қаржы пирамидалары мен одан зардап шеккен адамдар туралы ақпарат көп айтылды. Жазылып та жатыр. Алайда, олар жаңбырдан кейін шығатын кемпіркөсе сияқты неге көбейіп кетті деген сұраққа жауап жоқ. Бәзбіреулер халықтың тез байып кетуге деген ашкөз ниеті деуі мүмкін. Бірақ мәселе бұдан да тереңде жатыр...


Қойшы көп болса...

Бүгінде экономикалық қылмыс, оның ішінде қаржы пирамидаларымен күрес мәселесі өршіп тұр. Қоғамның дертіне айналды. Кезінде мәселені мемлекет ұсынан жіберіп алған. Көштің басы қайда барса, соңы да сонда барады. Елдегі кез келген мәселені шешудің ең басты жолы мемлекеттік-саяси жігер. Онсыз басқа амалды қолдану бос сөз. Билік мәселеге мән беріп, оның себебін анықтап тиісті шаралар қолданған кезде ғана біз күткен нәтиже болады.

Қаржы пирамидаларымен күрестегі басты кемшілік жүйелі жұмыстың болмауында. Мұндайда «қойшы көп болса, қой арам өледі» деген халық даналығы ойға келеді.

Тәуелсіздік алған жылдары қаржы пирамидасы деген ұғым болмады. Экономикалық қылмыстар салықтан жалтару тұрғысынан ғана қаралатын еді. Себебі, жоспарлы экономикадан нарықтық экономикаға енді қадам басқан кез. 1991 жылы 9 шілдеде «Қазақ КСР Мемлекеттік салық қызметінің құру туралы» Президент Жарлығы шықты. Ол экономика бойынша Мемлекеттік комитетке қарасты мекеме болатын. Бірақ біраз уақыттан соң қайтадан Қаржы министрлігінің құрамына енді. 1996 жылы Мемлекеттік салық комитеті құрылды. Алайда, араға бір жыл салып қайтадан Қаржы министрлігіне өтіп кетті. Сол аралықта салық қызметінде біршама өзгеріс болды. 1994 жылы Қаржы министрлігінің салық қызметінің ішінде «салық полициясы» құрылды. Оған тергеп-тексеру міндеті жүктелді. Яғни салық саласы бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру жұмысын салық полициясы атқаратын болды. Ал 1998 жылы «Салық полициясы комитеті» құрылды.

2001 жылы салық полициясы Үкіметтен еншісін алып бөлек шықты. Қазақстан Республикасының Салық полициясы Агенттігі құрылды. Осылайша Салық полициясы тәуелсіздік жылдарында алғаш рет Президентке тікелей бағынатын орталық мемлекеттік органға айналды. Оған Қаржы министрлігінің салық полициясы комитеті мен Мемлекеттік кірістер министрлігінің салық



Карикатураны салған Ғалым СҮЛЕЙМЕНОВ.

полициясы академиясының қызметтері мен өкілеттіктері берілді.

Мұнымен салық полициясындағы өзгеріс аяқталған жоқ. 2002 жылы 4 шілдеде «Қазақстан Республикасының қаржы полициясы органдары туралы» заң қабылданды. Заң мемлекеттік органның өкілеттігін кеңейтті. Оларға салықтық қылмыстан басқа, кәсіпкерлік қызметке заңсыз араласу, жемқорлық пен контрабандамен күрес қызметтері жүктелді. Бұл 2003 жылы мемлекеттік-әкімшілік реформаға жалғасты. Мекемеге жемқорлықпен күрес секілді күрделі қызмет жүктеліп, ол енді «ҚР экономикалық және жемқорлық қылмыстармен күрес Агенттігі» болып өзгерді.

Агенттік осы атаумен 2014 жылға дейін өмір сүрді. Кейін оның жемқорлықпен күрес қызметі қайта құрылған Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігіне берілді. Ал оның негізгі қызметі қайтадан Қаржы министрлігінің құзыретіне өтті. Осылайша министрлікте Қаржы мониторингі агенттігі құрылды. Оған «қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасымен осы органның жүргізуіне жататын қылмыстық және әкімшілік құқық бұзушылықтардың алдын алу, анықтау, жолын кесу, ашу және тергеу және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де функциялар» берілді.

Мемлекеттік бақылау күшейді

Тәуелсіздік жылдарында қаржы пирамидалары белсенді болған жоқ. Сондықтан олармен күресу керек деген талап та болмады. Жоғарыда жазғанымыздай, мемлекеттің назарында ең бастысы: салықтан жалтару, жемқорлық, контрабанда және өзге де мәселелер болды.

Көпшілікке таныс жалғыз мысал – «Смагулов және К» қаржы пирамидасы. Ол 1990 жылдары әрекет еткен. Пирамидалар соңғы 3–5 жылда белсенді бола түсті. Оған түрлі фактор әсер етуі мүмкін. Халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайының төмендеуінен бастап бәби-бумға дейін. Тіпті, 2019 жылғы билік транзиті де әсер еткен болар. Ал ақпараттық-технологиялардың дамуы және коронавирус инфекциясының таралуы отқа май құйғандай болды.

2019–2020 жылдары қаржы пирамидаларынан зардап шеккен азаматтардың үні естіле бастады. Мәселеге Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев мән берді. Соның нәтижесінде 2021 жылдың 28 қаңтарында Қаржы мониторингі комитеті Қаржы министрлігінен қайтадан бөлініп шықты. Тәуелсіздік тарихында екінші рет президентке бағынатын «ҚР Қаржылық мониторинг агенттігі» құрылды. Оған «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржылан-

дыруға қарсы іс-қимыл саласындағы, сондай-ақ экономикалық және қаржылық қылмыстар мен құқықбұзушылықтардың алдын алу, оларды анықтау, жолын кесу, ашу және тергеп-тексеру бойынша функциялары мен өкілеттіктері» берілді. Осылайша мекеме бір орталыққа бағынған жеке уәкілетті органға айналды.

Күрес және оң нәтиже

Жаңадан құрылған агенттік басшысына Президент қаржы пирамидаларымен күресті жолға қоюды тапсырды. Бүгінде жұмыстың оң нәтижесі бар.

Қазақстан Республикасы Қаржылық мониторинг агенттігі сайтында сот үкімі шыққан қаржы пирамидаларының тізімі бар. Тізімге қарайтын болсақ, 5 қаржы пирамидасына – 2021 жылы, 10-ына – 2022 жылы, биылдың өзінде 13 қаржы пирамидасына сот үкімі шыққан. Жалпы ұзын саны 28 жоба қаржы пирамидасы ретінде танылған.

№	Жобаның атауы	Сот үкімі шыққан күн
1	«LV Force»	30.09.2022
2	«Qnet»	25.08.2023
3	«Unique Finance»	24.05.2021
4	«Елімай-2019» ТК	24.07.2023
5	«B2B Jewerly»	28.10.2021
6	«Fast Vic» ЖШС және «Caspian Crocus» ЖШС	03.11.2022
7	«World Business Consulting»	31.03.2022
8	«Finiko»	17.03.2023
9	«Innova Gold»	31.08.2023
10	«Qozqan»	30.06.2023
11	«Investment Consulting Agency»	05.07.2022
12	«Antares»/ «Antares Trade»	28.07.2023 15.05.2023
13	«Eden life», «MMK Investment»	02.03.2023
14	«Шаңырақ+» («Best Road Investment» ЖШС)	30.12.2022
15	«Sincere Systems»	05.07.2023
16	«Семейный капитал»	04.07.2023
17	«River Coins Limited»	28.09.2022
18	«Денежный поток»	11.05.2021
19	«Великое будущее»	18.10.2021
20	«Мебельный проект Нур»/ «Нұр-жиһаз»	16.08.2022
21	«Лидер Капитал 168»	28.09.2022
22	Нарымбетова («Тендер» жобасы)	14.09.2022 15.12.2022

23	«4 күн 70%, 5 күн 70%», «Айналым», «VIP чат», «Bay Life», «Bay Life чеки», «Бронь» мессенджерлердегі чаттар	04.05.2023
24	«Атамекен 2021» ТК	01.02.2023
25	«Hermes LTD» – «Life is good» холдингтік компания құрамына кіретін	22.05.2023
26	«Айналым 30%», «3 күнде 30%», «Асыл инвест» мессенджерлердегі чаттар	28.12.2021
27	«Свой дом»	31.05.2023
28	«GAR» ТК	06.10.2022

Қаржылық сауатсыздық негізгі фактор ма?

Біз сот үкімі шыққан қаржы пирамидаларының әрекетін сараптадық. Сараптама нәтижесі көрсеткендей, олардың соңғы 3–5 жылда көбеюіне келесі ішкі факторлар әсер еткен:

1. Халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайының төмендеуі. Мұның әсерінен несие алу көлемінің артуы, баспананың болмауы секілді мәселелер туындады. Биыл жазда Астанада Kaspi банктің бір бөліміне белгісіз адам басып кіріп, ондағы азаматтарды кепілге алып еді. Ол банктің барлық активтерін мүгедек балаларға, әлеуметтік осал топтарға беруді талап еткен болатын. Осы оқиғадан кейін халықтың несие алу көлемінің артуы мәселесі қайта көтерілді. Халықтың қаржы пирамидаларына жаппай алдануының басты себебі осы.

«Елімай-2019» ТК, «Finiko», «Investment Consulting Agency», «Семейный капитал», «Ата-мекен 2021» ТК, «Свой дом», «GAR» ТК сияқты қаржы пирамидалары аз уақытта үй әлде көлік алуға уәде беріп, адамдарды салымшы болуға үгіттеген. Мысалы, «Finiko» салымшыларға үй әлде көлік бағасының 35%-ын құйса, 3-4 айда үй, көлік алып береміз деп уәде берген. Осылайша пирамиданы ұйымдастырушылар халық қандай нәрсеге мұқтаж болса соны ұсынуға тырысқан.

2. Демографиялық дағдарыс пен гендерлік теңсіздік (бәби-бум мен көпбалалы аналар санының артуы). Қаржы пирамидаларына алданғандардың басым көпшілігі әйелдер. Мұндай ақпаратты Finprom.kz сараптама нәтижесі көрсетті. Биыл қаңтар–сәуір айында зардап шеккендердің 71%-дан астамы, яғни 273-і әйелдер дейді сарапшылар. Қарап тұрсақ, мұндай қорытындының мәні бар. Астанада өзін жағып жіберуге ұмтылған әйел, Шымкент, Алматы және Ақтөбеде наразы болған жәбірленушілердің басым көпшілігі де әйелдер. Мұның себебі не?

2019 жылы Астанада 5 сәбидің қазасынан соң елде көпбалалы аналар наразылығы күшейді. Олар өздерінің әлеуметтік жағдайының нашар екенін айта бастады. Көп ұзамай мемлекет тарапынан көпбалалы аналарға әлеуметтік қолдау күшейді. Әр балаға төлемдерден бөлек, аналарды әлеуметтендіру бойынша бастамалар қолға алынды. «Бақытты отбасы» жобасы бастау алды. Алайда, бұл жұмыс коронавирус індеті кезінде тоқтап қалды. Себебі, бізміз жаппай окшауландық. Әлеуметтік желілер адамдар арасындағы байланыстың басты құралына айналды. Дәл сол уақытта қаржы пирамидалары белсенді әрекетке көшті. Олар WhatsApp, Telegram мессенджерлері арқылы онлайн бірлестік құра отырып, салымшыларды үгіттеді. Әсіресе, қоғамда әлеуметтену процесі тоқтап қалған әйелдер қауымы зардап шекті. Бұл жерде тек көпбалалы аналар ғана емес, шамамен 2008 жылдан бері келе жатқан «бәби-бум» факторы да әсер етті. Мұның бәрі әлеуметтену мәселесіне мемлекеттік қолдаудың қажет екенін көрсетеді.

3. Қаржылық сауаттың төмендігі. Қаржы пирамидалары оңай жолмен пайда табуды ұсынған. Салымшыларға түрлі инвестициялық жолдарды көрсеткен. Мысалы, «Sincere Systems» және «Finiko» криптовалюталар қызметін ұсынған. «Мебельный проект Нур»/ «Нұр-жиһаз» жиһаздарды ойнатса, «Innova Gold» алтыннан жасалған құймалар мен әшекей бұйымдарға инвестиция құюға үгіттеген. Ал өзге пирамидалар салынған ақшаны қысқа мерзімге еселеп қайтаруға уәде еткен. Бұдан шығатын қорытынды халықтың әлі күнге дейін қаржылық сауаты төмен. Десе де, бұл негізгі фактор емес.

Пердехан
ШӘМШИЕВ,
сарапшы.





ӘКІМ

ҚАМҚОРЛЫҚ ПЕН КӨМЕК

Шаһар басшысы зейнеткерлерді қолдау шараларын кеңейтуді және Ардагерлер кеңесін қаржыландыруды ұлғайтуды тапсырды

**Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ**

(Басы 1-бетте)

Кездесу барысында Алматыда қарттарды әлеуметтік қолдау, зейнеткерлерге медициналық қызмет көрсету және санаторий-сауықтыру шараларына назар аударылды. Жыл басынан бері Алматы әкімдігі 19 мыңнан астам зейнеткерге санаторий-сауықтыру бойынша көмек көрсетті. Коммуналдық қызметтерге жалпы сомасы 900 млн теңгелік тарифтер өтелді.

Бүгінде «Белсенді ұзақ өмір сүру» қалалық бағдарламасы аясында қаланың барлық аудандарында белсенді ұзақ өмір сүрудің 10 орталығы жұмыс істейді. Онда егде жастағы адамдарға медициналық, оқыту және мәдени қызметтерден бастап арнайы қызметтер кешені көрсетіледі.

Ағымдағы жылдың басынан бері аталмыш орталықтарға 50 мыңнан астам адам келген. Орталықтар ашылған күннен бастап 1742 зейнеткерге медицина, білім беру, бос уақытты қоса алғанда, нақты бағыттар бойынша 49 мыңға жуық түрлі әлеуметтік қызметтер көрсетіп келеді.

Алматы қалалық Ардагерлер кеңесінің төрағасы Ақан Бижанов бүгінгі таңда кеңес 237 мың адамды біріктіретінін айтты. Ұйым ҰОС ардагерлеріне, тыл еңбеккерлеріне және соғысты бастан өткергендерге қолдау көрсетеді. Сонымен қатар, зейнеткерлер үшін түрлі іс-шаралар өткізіледі. Өткен



жылы кеңес ұйымдастырған іс-шараларға 52 мыңнан астам зейнеткер қатысқан. Бұдан бөлек, аға буын «Шыңға өрлеу» қалалық бағдарламасына да белсенді қатысады. Онда ардагерлер тәрбие жұмысының түрлі бағыттары бойынша аз қамтылған отбасылардан шыққан балалармен сыныптан тыс сабақтармен кездесулер өткізеді.

Кездесуде аудандарда жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы Алматы аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Батай Қабылов, Наурызбай аудандық кеңесінің төрағасы Мәдениет Қаркенов сөз сөйлеп, өз ұсыныстарын айтты.

Талқылау қорытындысы бойынша Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев «Бел-

сенді ұзақ өмір сүру» орталықтарының оң тәжірибесін кеңейтуді тапсырды.

– Ұзақ өмір сүру орталықтары аға буын азаматтарының әлеуетін іске асыру, ұзақ өмір сүруді ынталандыру және оларды белсенді қоғамдық қызметке тарту үшін жақсы құралға айналды, – деп атап өтті әкім.

Жиын барысында шаһар басшысы аудан әкімдеріне халықтың өсімін ескере отырып қамтуды талдауды және қосымша орталықтар ашу жобаларын әзірлеуді тапсырды. Жалпы, орталықтарда егде жастағы адамдарды сабақтармен және бос уақытты тиімді пайдаланумен қамтуды 2 есеге арттыру жоспарлануда.

Ерболат Досаев санаторий-сауықтыру еміне квоталарды қосымша ұлғайту мәселесін (ағымдағы нормаларға сәйкес алдағы жылы кемінде 3000 ардагер квоталарды пайдалана алады, 2022 жылы бұл қызметті 2230 адам қолданды) пысықтауды тапсырды. Егде жастағы адамдарды қолдау шараларын одан әрі дамыту үшін қала әкімі «Ардагерлерді қолдау жөнінде кешенді іс-шаралар өткізу» жобасын мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс аясында қаржыландыру көлемін ұлғайту мүмкіндігін қарастыруды, сондай-ақ түрлі әкімшілік кедергілерді жою үшін құжаттар топтамасын үш жыл ішінде бір-ақ рет қарауға көшуді тапсырды. Ардагерлер үшін мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстың құны соңғы рет 5 жыл бұрын қайта қаралғанын атап өтеміз.

Айта кетейік, бүгінгі таңда Алматыда Қарттар айлығы аясында қаланың барлық аудандарында мәдени-демалыс, спорттық іс-шаралар өтіп жатыр.



ҚҰРМЕТ

«ҚАРТТАРЫМ, АМАН-САУ ЖҮРШІ...»

«Шаңырақ» әлеуметтік қызметтер орталығында Халықаралық қарттар күніне арналған концерт өтті

Мерекелік іс-шараға сол орталықтың тұрғындары, сол жандарға жанашыр әлеуметтік сала қызметкерлері қатысты. Ал елге белгілі эстрада жұлдыздары ән-жырдан шашу шашты.

**Нұржамал
ӘЛІШЕВА**

СЫЙ-ҚҰРМЕТ

Мерекелік іс-шарада Алматы қалалық «Рухани жаңғыру дауылпаздары» қайырымдылық қорының төрағасы Берік қажы Әдиев, «Нұршашқан» ықшамауданындағы «Макка» мешітінің бас имамы Азат Сәлімгерейұлы ортаға шығып сөз сөйлеп, ықыластарын білдірді. Өкелген сый-сияпаттарын ұсынды.

Жылда сарыала күзде Қарттар күні тойланады. Және ол бір ай бойына жалғасады. Себебі, көпті көрген қариялар барлық құрметке лайықты. Олар ағып жатқан дария, теңіз іспеттес. Теңіздің тұнығы мен тереңдігі қандай болса, қарияларымыздың да білетіні соншалықты терең десек, қателеспеспіз. Олар жастығын, күш-қуатын, денсаулығын елдің дамуына, жас ұрпақтың болашағы үшін арнады. Өкінішке қарай, бойынан күш-қайраты қайтқанда жалғыз қалып жатқан адамдар аз емес арамызда. Ондай жандарды мемлекет өз қарауына алып отыр бүгінде. «Шаңырақ» та сондай мекемелердің бірі, жалғыздікті, дімкәс талай жанға пана болған жылы мекен ол.

ТАҒДЫР-ТУМАР

Бұл орталықта талай тағдыр иесі бар. Қартайғанда құрсағында тоғыз ай, тоғыз күн көтеріп, алпыс екі тамырын идіріп өмірге әкелген баласы қарайласпай тастап кеткен ана да, кемпірі көз жұмып, ұл-қызына керек болмай қалған таяққа сүйенген ата да бар. Бала күнінен дімкәс болып, үлкейгенде «отбасыма масыл болғым келмейді» деп өзі келген мүмкіндігі шектеулі жандар да өмір сүріп жатыр. Тіпті, орнынан тұра алмайтын, өз-өзіне қызмет көрсете алмайтын, яғни қасық ұстап, тамақ іше алмайтын, төсек тартып жатқан қарт кісілер де бар. Осындай жандардың қас-қабағын бағып, баласындай, туысындай бола алмаса да көңілін аулап, қолдау көрсетіп жүрген әлеуметтік қызметкерлерге алғыстан басқа не айта аламыз.



Бүгінгідей мәдени іс-шараларды жиі ұйымдастырып отырады. Қамқөңіл жандар еңсесін көтерсін дейді.

Сырттан келіп отырған соң, жан-жағыма ұрлана, бажайлап қарап қоямын. Аталар шапан, тақиясын, кейбірі қыры сынбаған, инеден жаңа өткендей костюм-шалбарын киіп алып, бойларын тіп-тік ұстап отыр. Арасында шаршаңқырап, жүзі солғын тартып отырғаны да жоқ емес. Апалар да бар жақсысын үстіне іліпті. Сол жағымдағы, қоларбада отырған әжей шырқалған барлық әнге риза болып, шаршамай қол шапалақтаумен отырды. Бұрылып көз тастадым. «Қыздың көзі қызылда» демекші, әлгі әженің саусақтары толы әдемі жүзіктер екен. Кезінде қызметте істегені көрініп тұр. Саликалы келбет. Осы үйде тұрып жатса да, тойға келгендей жасанып, жақсысын иығына іліп, жылытырағын тағынып келген қариялар солай өз көңілін өзі демеп қоятындай.

«ҚЫЗЫЛ РАУШАН»

Мерекелік концерттің шымылдығын «Алатау әуендерінің» мың бұралған бишілері ашты. Классикалық әндерден попури орындаған Әділет Жексембі, Салтанат Мұратқызы және Қуаныш Тұрдыжанның өнеріне аға буын риза болып қол соқты. Өз заманының әндерін тыңдап бір жасап қалды үлкендер.

Елімізге белгілі әнші Медеу Арынбаев Шәмшінің әндерін бірінен соң бірін құйқылыға шырқап ала жөнелгенде, көпшілік тіпті ортаға шығып билеп кетті. Енді танылып

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

ЕШКІМГЕ ӨКПЕМ ЖОҚ...

Шеткерірек елеусіздеу отырған әжеге барып, амандасып, мерекесімен құттықтап, сөзге тарттым.

- Апа, сұрақ қойсам, ренжімейсіз бе?..
- Жақсы, айналайын! Жүзің жылы бала екенсің, бізге осындай жылылықтан басқа ештеңе де керек емес, қарғам!
- «Шаңырақ» жап-жарық үй екен, әр таңыңыз неден басталады?
- Таңертең ұйқымыздан оянған сәтімізде медбике келіп қан қысымымызды өлшеп кетеді күнде. Денсаулығымызды, таңғы көңіл күйімізді сұрайды. Әр таңымыз содан басталады. Жүзің сынық болып тұрса, бәйек болып, тамағыңды алдына әкеп береді. Қазір басшылыққа жас балалар келіп, бұрынғыдан да жақсы болып қалдық. Тұрып жатқан жеріміз тап-таза. Жайлы. Жарық. Алғыстан басқа айтарымыз жоқ.
- Көп болды ма, апа, мұнда тұрып жатқаныңызға сонда?
- Он үш жылдан бері тұрып келе жатырмын. Ойынды түсініп тұрмын, балам. Тағдырым осылай болды. Неге осылай болдым деп... кей-кейде... (кейуананың дауысына діріл араласып, кемсендеді).
- Бірге туған бауырларыңыз бар ма, апа?..
- Бар ғой. Үш қыз, бір ұлмыз. Менен кейінгі қыз қайтыс болған. Әркімнің өз тіршілігі бар дегендей, ешкімге ренішім жоқ...

келе жатқан жас әнші Ұланғасыр Қами де сахнаға шығып, әйгілі «Қызыл раушан» өлеңімен баурап алды. Қуан Лекеровтің сиқырға толы шоуын тамашалаған қариялар балаша танданып, мээ болысты.

Қарттарға арналып мерекелік дастархан жайылды. Сыйлықтар және алқызыл раушан

гүлдері ұсынылды. «Шаңырақ» әлеуметтік қызметтер орталығының директоры Зафар Бахтиярұлы «Шаңыраққа» шаттық, мерекелік көңіл күй сыйлаған, қолдау көрсеткен Олжас Смағұлұловқа, «Клуб добряков Алматы» еріктілеріне, «Бөбек» колледжі ұжымы мен студенттеріне алғысын білдірді.

Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.



АЛМАТЫ ИППОДРОМЫ

САЛТАНАТ ПЕН СҰЛУЛЫҚ СИМВОЛЫ

Ұшқыр бәйге маусымы жабылды

Алматы ипподромында биылғы ұшқыр бәйге маусымының аяқталуына орай асыл тұқымды жылқылардың көрмесі өтті.



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Көрме 1200 метрлік ұшқыр бәйгемен басталды. Қазақстанда кездесетін жылқы тұқымдарының онға жуық түрі көрермен назарына ұсынылды. Әлемдегі ең кішкентай жылқы – понидан бастап, араб, ағылшын, ақалтеке, фриз, жартылай қанды, ауыр жүк артатын, т.б. асыл тұқымды жылқы түрлері, сондай-ақ, таза қанды қазақ жылқысы қатысты. Ғажап жаратылыс – қылқұйрықты жануардың түр-түрін көргенде таңданысымызды жасыра алмадық.

Елімізде алғашқы жылқы көрмесі 2019 жылы өткен. Басты мақсаты – әлемдегі жылқы тұқымдары мен отандық жылқылардың тұқымдық ерекшеліктерін көпшілікке насихаттау.

Дүние жүзінде жылқының 250-дей түрі бар. Біздің елде 16 түрі өсіріледі. Соның ішінде тұқымы жағынан ең тазасы – араб жылқысы. Ұйымдастырушылар қала тұрғындарының назарын жылқы түрлерінің аражігін ажыратып, айырмашылықтары мен ерекшеліктеріне аударғысы келген. Олардың айтуынша, осы көрме арқылы көрермен елімізде ерекше жылқы тұқымдары бар екенін біледі. Төрт түлік малдың төресі – жылқы көрмесіне арғымақтарын жетектеп, қаладағы бірнеше жылқы шаруашылығының иелері келді. Асыл тұқымды жылқыларды өсіріп, баптайтын білікті мамандар да қатысты. Ауыл шаруашылығы ғылымының профессорлары мен жылқы зерттеуші ғалымдар көрмеге қатысқан тұлпарларды жүрісі, қан тазалығы, дене бітімі мен климаттық жағдайға төзімділігі бойынша сынады. Көрме қорытындысында асыл тұқымды «Мэн оф пис» атты айғыр абсолютті чемпион атанды.

Көрермен назарына ең алдымен мәстектер (пони) ұсынылды. Сүйкімді жануар, әсіресе, кішкентай балаларға ұнады. Аласа бойлы жылқы түрін әр елде әртүрлі атайды. Англияда пониға биіктігі 147 сантиметрге дейін, ал Германияда 120 сантиметрге дейінгі жылқыларды жатқызады. Иппологтар дүние жүзі бойынша пони тізіміне



50–150 см аралығындағы жылқыларды жатқызады. Қазақстанда понидың бірнеше түрі бар. Бірақ өте сирек кездеседі. Әлемдегі ең танымалы – шотландық пони.

Таза қанды мініс жылқылары мен қазақ жылқысының түрлері көрсетілді. Алаңға кезек бойынша шығарылды.

Көрмеге қатысушы жылқыларға арнайы талаптар қойылды. Ең әуелі жүрісіне мән берілді. Көрермен назарына ұсынылғандықтан, сұлу жүрісті болуы – басты талаптардың бірі. Көз сүйсіндірер әсем мүсінді тұлғасы көрмедегі әр көрерменді тамсандырғаны анық. Әсіресе, шегір көзді ақалтеке жылқыларының сұлулығы тіптен ерекше. Дегенмен, көкпарға арналған бойы биік қазақы тұлпарлар да көрме сәнін келтірді.

Көрме соңы жарыс маусымының аяқталуына орай бәйгеге ұласты. Биылғы маусымда 12 жарыс күні өтті. Осы жарыстарға белгілі себеппен қатыса алмаған тұлпарлар үшін маусымның соңғы бәйгесі ұйымдастырылды.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, келесі жылы 15 жарыс өткізу жоспарда бар. Жеңімпаздарға берілетін сыйақы мөлшері де өседі. Қазір Алматыдан басқа да өңірлерде ұшқыр бәйгемен айналысатын, ат баптайтын азаматтар көп. Бірақ олар жылқысын бәйгеге қосу үшін Алматыға келуге тура келеді. Келер жылы еліміздің батыс өңірінде, өзге аймақтарда бәйге, ат көрмесі ұйымдастырылмақ.



ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Мақсат АХАЕВ,
Қоғамдық ұйым төрағасы:

АТ БАПТАУДЫҢ БАРЛЫҚ ҚЫР-СЫРЫ ҚАМТЫЛДЫ

«Ат танымайтын қазақ жоқ» дейміз. Бірақ қазір қалада тұратындардың дені, тіпті ауылдан шыққан жастардың өзі жылқы тұқымдарының ерекшеліктері мен айырмашылықтарын білмейді. Оларды бір-бірінен ажырата алмайды. Араб пен ағылшын тұқымды жылқыны былай қойғанда, өзіміздің таза қанды қазақы жылқыны білмейтіндер бар. Көрмені ұйымдастырудағы мақсатымыз – жастар, әсіресе атқұмар азаматтар мен осы кәсіпке қызығатындарға жылқы таныту. Жылқы түрлерін танымай жатып, олардың бабын білмей, бәйгеге қосқысы келетіндер бар. Қандай тұқым екенін анықтап алмай, бәйгеге қосуға болмайды. Себебі, бәйгеде әр аттың өзінің тұқымдық ерекшеліктеріне сай мүмкіндігі болады. Біреуі жорғалап жарысса, енді бірі қатты екпінмен шабады. Тіпті, мүлдем бәйгеге жарамайтын, жүк артатын түрі болады. Екіншіден, бәйге атына немесе асыл тұқымды атқа жем-шөбін дұрыс бермейді. Атбегілердің көбі жылқының негізгі қорегі – сұлы екенін білмейді. Осындай қарапайым қағидаларды, тұқымна қарай қандай атқа қандай жем немесе шөп беру керек екенін түсіндіру үшін жем өндірушілерді де шақырдық. Үшіншіден, көрмеде жылқыны өсіріп қана қоймай, саннан гөрі сапаға көшу мәселесі қамтылды. Қамбар ата түлігін баптауда тәжірибесі мол атбегілерді арнайы шақырдық. Сондай-ақ, тағашылар да қатысып, қазақтың ат тағалау мәдениетін насихаттады. Бәйге аттарын өсіретін атбегілердің ең жасі жасөспірімдерінің бірі – аяғы қисық болып туған құлындарды бәйгеге дайындамай, қоя салады. Ал тағашылар құлынның аяғын түзулеп, бәйгеге жаратады. Осындай қазақтың кенже қалған дәстүрлері жасі насихатталуы керек деп санаймын. Бәйге атын баптаудың қыр-сырын таныстыру үшін осы көрмені ұйымдастырдық.

Қазір бәрі бірдей тек бәйгеге шабатын ат іздемейді. Жорғалап жүретін, жәй мініске арналғанына қызығуы мүмкін. Кейбірі сұлу аттарды жақсы көреді. Оларға эстетикалық кейпі әсем түрікмен жылқысы – ақалтеке қызық көрінеді. Бірақ жылқының бұл түрін бәйгеге қосса, таза қанды ағылшын жылқысына жетпейді. Ағылшын жылқысының бәйгедегі жылдамдығына тіпті, араб жылқысы да бәсекелесе алмайды. Ұшқыр бәйгедегі ең мықтысы да осы түрі. Бүгінгі көрмеге бірнеше ағылшын тұқымды жылқы әкелінді. Бірақ негізгі басымдықты қазақы тұлпарларға бердік. Аударыспаққа, көкпарға арналған аттар қатысты. Ұлттық аударыспақ спортына күйі бар мықты жылқылар керек. Бірақ аударыспақ үшін таза қанды қазақы жылқыларды табу қиын. Себебі, қазір қан араласып кеткен.

БІЗДІҢ АТТАР ШЕТЕЛДЕ ҚАЗАҚСТАННЫҢ АТЫНАН БӘЙГЕГЕ ҚАТЫСЫП ЖҮР

Биылғы маусымда фаворит тұлпарлар көп болды. Үздіктер анықталды. Олар қазір Ресейдегі бәйгеге қатысып жатыр. Былтыр Қазақстандағы ең үздік болған ат биыл Ресейдің 2 дербиін ұтып, Краснодардағы 3-дербиде екінші болып келді. Сөйтіп, ұшқыр бәйге дамыған елдердің бірі – Дубайға жолдама алды. Қазақстанның атынан шабатын болады. Ал биылғы маусымдағы үздіктер Ресейге жіберілді. Жақында Супер-дербиге қатысады. Жақсы шабатын аттардың потенциалын білу үшін шетелдегі бәйгелерге жібереміз. Елімізде бәйгенің алдын жүрген жүйріктер шетелде бәсекелесе алмай қалуы мүмкін немесе керісінше елде өзінің мүмкіндігін көрсете алмай жүрген аттар шетелде ашылып, бас бәйгені алуы зажап емес. Бұл енді сондай спорт. Әлі де жақсы аттарды тәрбиелеп шығаруымыз керек. Бүгінгі ұшқыр бәйгеге Америка, Франция, Германиядан келген аттар қатысты. Өз елімізде өтіп жатса да, классикалық ұшқыр бәйгелерге қазақы жылқылар қатыспайды. Бірақ бұл «бізде мықты жылқылар жоқ» деген сөз емес. Қазақтың адай жылқысы өте шыдамды. Кез келген климаттық жағдайға бейім келеді. Су, шөпсіз жерде жетілетін жануар. Тек Қостанай тұқымы жылқылары арасында бәйгелер өтіп тұрады. Әлемдік ұшқыр бәйгеге қазақтың жылқысы да қатысуы керек.

Қайрат ИСХАН,
жылқы зерттеуші ғалым:

ЖЫЛҚЫ ӨНДІРІСІ ДАМЫП КЕЛЕДІ

Зауыттық жылқы тұқымдарының көрмесі қалада соңғы рет осыдан екі жыл бұрын өткен еді. Қазақ жылқысын көбейтіп, ат спортына дамытуға арналған шаралар жиі өтіп тұру керек. Көрмедегі әр жылқы тұқымның конституциялық, экстерьерлік ерекшеліктерін ескеріп, бағаладық. Алаңда жүріп өткен кездегі қимыл-қозғалысына, дене-бітіміне мән берілді. Әр тұқымның стандарты бар. Соған сәйкес келуіне қарап, салыстырмалы түрде ұнай берілді.

Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.



«ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ»

Исламдану
үдерісі
талқыланды

Алматыда ҚР ҒЖБМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты «Қазақ-стан Республикасының ұлттық құрылысы аясындағы исламдану үдерісінің өзекті мәселелері» тақырыбында «дөңгелек үстел» өткізді.



Досбол
АТАЖАН

«Дөңгелек үстел» қазіргі әлем исламындағы қоғамдық-саяси ойдың заманауи бағыттары мен пост кеңестік кеңестіктегі исламдану үрдісінің түрлі аспектілері, олардың Қазақстандағы ұлттық құрылыс аясындағы мұсылман үмметінің діни санасының қалыптасуы мен дамуына ықпалын қарастыру мақсатында ұйымдастырылды.

Пост кеңестік кезеңдегі исламдану үдерісі және Исламның ғаламдануының заманауи үрдістері Қазақстандағы ұлттық және мұсылмандық бірегейліктің арақатынасына бірқатар өзгерістер алып келді. Ислам тарихи тұрғыдан ұлттық бірегейліктің үйлесімді бөлігі болып келді. Алайда, рухани дағдарыспен ұлттық және діни бірегейлікті қайта қарастыру, ғаламдық ислам ойының ықпалы тек Қазақстандағы мұсылмандардың ғана емес, сонымен қатар посткеңестік кезеңдегі мұсылмандардың діни бірегейлігіне белгілі өзгерістер алып келді. Тәуелсіздік Ислам ұлттық бірегейліктің тек мәдени бөлшегі ретінде ғана емес, сонымен қатар мұсылмандардың жеке және қоғамдық өмірдің барлық салаларын реттейтін идеологиялық конструкцияға айналды.

Осыған орай, исламдану үрдісінің әмбебап және жергілікті ерекшеліктерін зерттеу, олардың Қазақстандағы мұсылман үмбетінің діни және қоғамдық-саяси көзқарастарына ықпалын қарастыру маңызды әрі өзекті мәселе.

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

«Алматы» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы БҰҰ-ның жаһандық келісім-шартына (UN Global Compact) қосылды. Бұл адам құқықтары, еңбек қатынастары, қоршаған ортаны қорғау және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес саласындағы тұрақты даму қағидаттары мен құндылықтарды сақтауды білдіреді.



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

«Бұл бастамаға қосылу «Алматы» ӘКК-ның өз қызметінде БҰҰ жаһандық келісім-шартының он универсалды қағидатын дәйекті енгізуге бейім екенін растайды. Олардың ішінде адам құқықтарын сақтау, қоршаған ортаны қорғау, сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік және басқа да қағидаттар бар. Қатысушылардың қызметі орнықты даму саласындағы әлеуметтік мақсаттар мен мүдделерге қолжеткізу үшін бірыңғай тәсілдерді қолдануға бағытталған», – деді «Алматы» ӘКК» АҚ басқарма төрағасы Арман Шамшин.

Өзіне қабылдаған міндеттемелер аясында әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорация жыл сайын БҰҰ-ның жаһандық келісім-шарты қағидаттарын сақтау саласындағы өз жұмысының нәтижелері туралы есеп беретін болады.

Ағымдағы жылы «Алматы» ӘКК қоғам

АУҚЫМДЫ БАСТАМА

«Алматы» ӘКК БҰҰ-ның жаһандық келісім-шартына қосылды



мен қоршаған орта алдындағы жауапкершілігін көрсете отырып, корпоративтік басқаруға және орнықты дамуға ерекше назар аударады. Осы ауқымды бастамаға қосылу ӘКК өзін клиенттер, инвесторлар және басқа да мүдделі тараптар үшін әлеуметтік жауапты және этикалық ұйым ретінде көрсетуге мүмкіндік береді.

Еске салсақ, БҰҰ-ның жаһандық келісім-шарты корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік және тұрақты даму саласындағы әлемдегі ең ауқымды ерікті бастама болып табылады.

Бүгінде ол әлемнің 160 елінен 20 000-нан астам қатысушыны біріктіреді.

МӘСЛИХАТ

ДЕПУТАТТАР БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРАДЫ



Рая
ЕСКЕНДІР

ҚР Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының Алматы қаласы бойынша филиалында мәслихат депутаттары заң шығару қызметі, мемлекеттік жоспарлау жүйесі, көпшілік алдында сөйлеу дағдылары бойынша біліктілігін арттыру курстарын бастады.

– Дәл қазір 2–6 қазан күндері жоспарланған «Мәслихаттардың рөлі мен әлеуетін күшейтудің заманауи тәсілдері» семинарында депутаттар жаңа сын-қатерлер жағдайында тиімді қызмет ету үшін кәсіби құзыреттері мен практикалық дағдыларын арттырып жатыр. Мәселен, қазір біз академияның мәслихат депутаттарына арналған модульдік оқытуын өтіп жатырмыз. Оқыту барысында депутаттарға іс жүзінде ең қажетті дағдылар мен құзыреттерді меңгеріп, практика жүзінде кездесетін кейстерді де қарастырып жатырмыз. Бұл оқытудың кез келген уақытта депутаттық қызметімізді тиімді атқаруға және құқықтық, бюджеттік заңнама тұрғысынан шешім қабылдауға септігін тигізетін сөзсіз, – дейді Алматы қаласы мәслихатының депутаты Әкім Тұрсын.

БАЙҚАУ

Дарынды балаларға қолдау бар

Air Astana «Жас қыран» бағдарламасының алғашқы нәтижесін ұсынды

«Жас қыран» – еліміздің дарынды балаларын қолдауға арналған жол жүру гранттары бағдарламасы. Бағдарламада халықаралық шығармашылық, спорттық, зияткерлік жарыстар мен байқауларға қатысу үшін гранттар бөлінеді. Жол жүру гранты бұл Air Astana компаниялар тобының маршруттық желісі шеңберінде халықаралық бағыттар бойынша бір балаға және бір еріп жүретін адамға арналған эконом-кластың тегін барып-қайту әуебилеті.



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Байқау ережесіне сәйкес әуекомпания жеке өтінімдер негізінде ай сайын 5 жол жүру грантын ұсынуды көздейді. Грантка өтініш берушілер 7 жастан 17 жасқа дейінгі Қазақстан азаматтары болу керек және жарысқа (конкурс, олимпиада және т.б.) ресми шақыруы болуы керек.

Бағдарлама басталғаннан бері тәуелсіз қазылар алқасы халықаралық конкурстарға қатысу үшін 6 баланы іріктеп алды. Air Astana грантының арқасында Ақтөбе қаласындағы «Білім-Инновация» лицейінің 11-сынып оқушысы Ким Артур Ганновердегі 7-ші Еуропалық олимпиадада физикадан қола медаль жеңіп алды. Алматы қаласындағы №54 мектептің 11-сынып



оқушысы Рыбалкин Матвей Бейжіңдегі робототехника бойынша халықаралық жарыста екінші орын алды, ал Астанадан келген дарынды балаларға арналған №9 «Зерде» мектебінің 8-сынып оқушысы Тыныштық Диана Прагадағы 10-шы Халықаралық шахмат фестивалінде рейтингін көтеріп, халықаралық спорт шебері атағын алды. Тағы үш оқушы осы жылдың соңына дейін Ұлыбритания мен БАӘ-де халықаралық байқауларға қатысуға аттанбақ.

Air Astana президенті Питер Фостер өз сөзінде Қазақстанда талантты балалар көп екенін және авиакомпания білімге ұмтылатын және өз елін түрлі салаларда дәріптейтін жас қазақстандықтарды қолдауға өз үлесін қосуға қуанышты екенін атап өтті.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Роза ШӘРІПҚЫЗЫ,
Республикалық жеке білім беру ұйымдары қауымдастығының
төрағасы, комиссия мүшесі:

Дұрыс шешім қабылданғанына көзім жетті

Осы жылы ғана бастау алған бағдарлама туралы көпшілік естіп үлгермеген сияқты. Өтініштер көп түскен жоқ. Бірақ солардың өзінен де іріктеп, таңдау қиынға соқты. Өтініштердің көбі шығармашылық бағытта болды.

Бұл жоба талантты балаларды қолдауға арналған. Халықаралық шығармашылық, спорттық, зияткерлік жарыстарға баратын балаларға қолдау көрсетеміз. Арманы асқақ, ынтасы бар балалардың дамуына мүмкіндік жасағымыз келді. Міне, бүгін іріктелген балаларды көріп, дұрыс шешім қабылданғанына көзім жетіп отыр. Дарынды балалардың арманын орындауға көмектескені үшін Air Astana әуекомпаниясына алғысымды айтамын.





КӘСІБИ МАМАН

ШЕТЕЛ АСЫП КЕРЕГІ ЖОҚ

Балалардың «краниосиностоз» кеселіне өзімізде де ота жасалады

Жасыратыны жоқ, қазіргі күні ересек бала тұрмақ, сәбилер арасында дерт көбейіп кетті. Солардың бірі – «краниосиностоз» кеселі. Оның негізгі симптомы – сүйек тігістерінің ерте өсуіне байланысты пайда болатын бас сүйегіндегі ми бөлігінің деформациясы. Ал ол ақау уақыт өте келе күрделі асқынуларға әкелуі мүмкін.

Бұл патологияны уақытында емдемесе, балаға айқын гипертонзия синдромы, ұстамалар, психикалық даму жағынан артта қалу, көру нервiнiң патологиясы, зағип болу сияқты қауіптер төнеді.

«Краниосиностозды» емдеудің басты жолы – бас сүйектің пішінін ертерек хирургиялық түзету. Бұл патология 2000 баланың біреуінде кездеседі десек те, дәрігерлер кейінгі уақытта бұл диагноздың жиі қойылып жүргенін айтады. Осы кеселге шалдыққан балалардың ата-аналары көп жағдайда Алматы қаласындағы №2 балалар клиникалық ауруханасына жүгінеді. Мұнда айына орта есеппен осы патологиямен 15-ке жуық ота жасалады. Бұл – нейрохирургиялық операцияның ең күрделі түрі, ол хирургиялық жұмыстың асқан дәлдігін және дәрігерлердің жоғары біліктілігін талап етеді. Сондықтан өңірлік дәрігерлерді оқыту және олардың мамандануын арттыру, кәсіби шеберлігін шындау қажеттігі күн тәртібіне шығып отыр.

Жуырда клиникалық көрсеткіштер бойынша «краниосиностоз» диагнозы қойылған 5 ай және 3 жас аралығындағы балаларға Алматы қаласының №2 балалар ауруханасының дәрігерлері мен Ресей мамандары көпсалалы түрде сәтті операция жасады. Бұл операциялар балалардағы бас сүйегінің дамуындағы туа біткен ауытқуларды емдеудегі «Краниосиностоз хирургиясының заманауи аспектілері» халықаралық бірегей «шеберлік сабағы» аясында жүргізілді. Онда алматы-



лық дәрігерлер мен Ресей Денсаулық сақтау министрлігінің В.Алмазов атындағы ҰМЗО-ның тәжірибелі мамандары үш күн бойы Қазақстанның түрлі өңірлерінен қосылған әріптестерін оқытты.

Сарапшылар мұндай «шеберлік сабақтарының» отандық балалар нейрохирургиясының дамуына зор үлес қосып отырғанын айтып отыр. Айта кету керек, елімізде «Samruk-Kazyna Trust» әлеуметтік жобаларды дамыту қорының қолдауымен мұндай іс-шаралар біраз жылдан бері жүргізіліп келеді.

Медицина мамандарының мұндай басқосулары республикамыздың ең шалғай жатқан аудандарындағы кішкентай пациенттермен жиі кездесіп, оларға нақты көмек көрсетуге жол ашып отыр. Әрі осындай жоғары білікті мамандармен тәжірибе алмасудың арқасында біздің елімізде «краниосиностоз» диагнозы қойылған пациенттерге операциялар үнемі жүргізілетін болады. Ал бұл дегеніміз, ата-аналар ауру баласын бауырына қысып алып шетел аспайды деген сөз. Және де кез келген диагнозбен тиімді емдеуге мүмкіндік беретін медицинаның даму деңгейіне қол жеткізу. Бұл «шеберлік сабағы» мультидисциплинарлық емдеу тәсілімен ерекшеленеді деп отыр мамандар. Өйткені, нейрохирургтардан басқа, анестезиологтар мен медбикелер де өз тәжірибелерімен бөліседі. Балалар анестезиологиясы кез келген хирургиялық көмектің ең маңызды бөлігі болып саналады, ал операциялық мейірби-ке операция бөлмесіндегі басты тұлға.

Республикамыздың барлық өңірінен және таяу шетелден штаттан тыс бас балалар нейрохирургтары, нейрохирургтар, анестезиолог-реаниматологтар, операциялық медбикелер, жалпы саны 40-тан астам медицина маманы жиналған «шеберлік сабағының» форматы да ерекше болды. Бұл Орта Азия аймағында өткізілген дриллинг курсы мен «шынайы» хирургияны қамтитын алғашқы және әзірге жалғыз «шеберлік сабағы» болып тұр. Бейнеконференция барысында барлық операция залда led-экранда көрсетілді.

Ресей дәрігері Александр Кимнің өзі: «Мен мұндай форматты бұрын Ресейде кездестірмеппін. Біздің ойымызша, қызықты формат таңдалған – дәріс дриллинг-курспен бірге болды, яғни «краниосиностозға» шалдыққан балалардың бас сүйектерінің бірнеше моделі жасалды. Сөйтіп, курстың қатысушылары белгілі бір хирургиялық манипуляциялар жасау мүмкіндігіне ие болды. Муляждар 3 D-принтерде жасалды. Содан кейін бұл курс практикалық онлайн-хирургиямен, яғни «шынайы» хирургиямен аяқталды», – деп бағалады.

МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМА

«АҢСАҒАН СӘБИ»

5000 отбасына бақыт сыйлады



Суретті түсірген Самат Құсайынұлов.

циналық сақтандыру жүйесі шеңберінде жұмыс істейді. Жыл сайынғы квота аймақтардың сұранысына қарай бөлінеді. ЭКУ жасау көрсеткіші жағынан Астана, Алматы және Шымкент қалалары көш бастап тұр. Атап айтсақ, Алматыда МӘМС шеңберінде жұмыс істейтін 7 клиникада 2 мыңға тарта жасанды ұрықтандыру жасалды.

Пациент клиниканы өздігінше таңдай алады. Ол үшін fms.kz ресми сайтындағы «Пациент үшін», ары қарай «Клиниканы таңдау» батырмасын басып, «ЭКУ қызметін көрсететін медициналық ұйымдар тізбесін» ашу керек. Ол жерде клиникалардың тізімі, мекенжайы және телефоны көрсетілген.

БҮЛ ПРОЦЕДУРА МӘМС аясында жасалады. Сондықтан квота алғысы келетін пациенттің мәртебесі сақтандырылған болуға тиіс. Алдымен сәби сүйігісі келетін жұп репродуктологтың кеңесіне баруы керек. Оған жолдаманы емханадағы гинеколог береді. Қажетті тексерулерден соң, пациенттің денсаулық көрсеткіштері ЭКУ жасауға сай келсе, құжаттарды жинап, дәрігерлік-консультациялық комиссиядан өтеді. Комиссия оң шешім шығарған соң жұп кезекке тұрады.

2021 жылдан бері жыл сайын 7 мың ЭКО процедура МӘМС есебінен қаржыландырылып келеді. МСҚ мәліметінше, осы жылдың бірінші жартысында 4 мыңнан астам жасанды ұрықтандыру жасалған. Оған 5 млрд теңгеге жуық қаржы жұмсалыпты. ҚР ДСМ мәліметі бойынша, «Аңсаған сәби» бағдарламасы іске асырыла бастағаннан бері 5000 нәресте дүниеге келді.

ЖАСАНДЫ ЖОЛМЕН ұрықтандыруға қанша қаражат жұмсалады? Бағдарлама аясында бір адамға МӘМС есебінен орта есеппен 1 млн теңге бөлінеді. Репродуктологтардың айтуынша, оның 600 мың теңгесі стимуляциялауға арналған гормондық препараттарға жұмсалады. 200–300 мың теңге шығын материалдарын жабуға кетеді.

КАНДАЙ ЖАҒДАЙДА квота берілмеуі мүмкін? Дәрігерлер әйелді медициналық тексеру барысында бірнеше мәселені ескереді. Олар жатырдың туа біткен немесе жүре біткен ауытқулары, соматикалық және психикалық аурулар, аналық без ісіктері, өткір қабыну белгілері мен кез келген ісік табылған жағдайда пациентке экстракорпоральды ұрықтандыру жасалмайды.

Қосымша сұрақтарыңыз болса, тіркелген емханаңыздағы «Пациенттерді қолдау қызметіне» жүгіне аласыз.

ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің мәліметі бойынша, қазір 15 мың ерлі-зайыпты бедеулік диагнозымен есепте тұр. Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру есебінен қаржыландырылатын «Аңсаған сәби» бағдарламасы іске қосылғалы бері 20 мың әйел жасанды ұрықтандыру қызметіне жүгінген. Жалпы, ЭКУ бағдарламасына кімдер қатыса алады, жолдаманы қайдан алу керек, оны қай клиникалар жасайды деген сынды көпшілікті мазалаған сұрақтарға МСҚ Алматы қалалық филиалы мамандары жауап берді.

«АҢСАҒАН СӘБИ» бағдарламасына қазақстандық отбасылар қатыса алады. Талап бойынша ерлі-зайыптының жасы 18–42 жас аралығында болуға тиіс және медициналық өлшемдерге сай болуы қажет. МӘМС бойынша ЭКУ процедурасынан жылына бір рет тегін өтуге болады. Бағдарлама сәтсіз болған жағдайда кезекке қайта тұруға болады.

ЕЛІМІЗДЕ ЭКУ жасайтын 19 клиника (1 мемлекеттік және 18 жекеменшік) міндетті әлеуметтік меди-

ШЕБЕРЛІК САБАҒЫ



Алматыда №2 балалар қалалық клиникалық ауруханасында аяқ-қолында патологиясы бар 6 балаға алматылық травматолог-микрохирургтар мен әлемге әйгілі микрохирург, Мәскеу қаласының РХДУ травматология және ортопедия кафедрасының профессоры Игорь Голубев бірігіп, операция жасады.

БІРЕГЕЙ ОТА

1,5 жасар баланың башпайын қолына ауыстырып салды

«Мейірімділік» ерікті қоғамдық қоры мен Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының ұйымдастыруымен өткен үш күндік «шеберлік сабағы» аясында ұйымдастырылған күрделі микрохирургиялық оталар сәтті өтті.

Аяқ-қолында туа біткен және жүре пайда болған ақаулары бар қазақстандық алты баланың дәрігерлер консилиумы анықтаған болатын. «Шеберлік сабағына» №2 балалар қалалық клиникалық ауруханасының 20-дан астам қызметкері қатысты. Міне, мегаполис мамандарының біліктілігі де жыл санап артып келеді.

Мира ҚАЛИБЕКОВА, кішкентай пациенттің әжесі:

– Менің немеремнің туған кезде оң қолының білегі болмады, ал сол қолының бас бармағы толық дамымаған болып шықты. Қызым «Мейірімділік» қоғамдық қорына жүгініп еді, тексеруден кейін дәрігерлер аяқтың башпайын сол қолға ауыстырып салуға болатынын айтты. Бұл оған сол жақ қолымен кесе ұстауға, яғни қолын толығымен пайдалануға мүмкіндік береді. Болашақта мектепке барғанда сол қолымен болса да қалам ұстап, жаза алатынына қуанамын.

Марат РАБАНДИЯРОВ, №2 балалар қалалық клиникалық ауруханасының директоры:

– Мұбарак деген пациентіміз оң қолдың аплазиясымен және сол қолдың бірінші және екінші саусақтарының фалангалары жоқ болып дүниеге келді. Бала жүреді, ойнайды, ата-анасы оған оң білегіне косметикалық протезге тапсырыс берді. Даму жағынан бала өз қатарынан қалмай өсіп келеді, оның барлық анализі қалыпты. Саусақты қолға трансплантациялау отасы сегіз сағатқа созылды. Мұбаракқа әлі қалпына келу қажет. Мұндағы барлық ота әртүрлі сипатта болды. Оның ішінде туа біткен ақаулар да, жарақат алғаннан пайда болған аурулар да бар.

Бетті дайындаған Нұржамал ӘЛШЕВА.



БОКС



(Сурет Ұлттық олимпиадалық комитет сайтынан алынды).

САҒЫҢ СЫНБАСЫН, КАПИТАН!

**Азия ойындарында
төрешілердің шешіміне
байланысты шу шықты.**

Бокстан Қазақстан құрамасының капитаны, әлем чемпионы Асланбек Шымбергенов Азиада-ның жартылай финалында Жапониядан келген Севон Оказавамен кездесті. Жекпе-жек бойы біздің капитан жапондық спортшыны ринг бойы шыр көбелек жүгіріп, соққының астына алған. Кездесуді тікелей эфирде көрген қазақстандық көрермендер ғана емес, барлық бокс жанкүйерлері Шымбергеновтың жеңісіне сенімді болды. Дегенмен, кездесуге тағайындалған төрешілердің шешімі Оказаваның пайдасына шешілді. Бұл нәтиже Азия ойындарында үлкен дау тудырды. Осыған орай, Қазақстан бокс федерациясы жекпе-жекке қатысты мәлімдеме жасады.

«Төрешілердің Азия ойындары тарихындағы ең әділетсіз шешімі! Құрметті жанкүйерлер, әлем чемпионы, Қазақстан құрамасының капитаны Асланбек Шымбергеновтың жартылай финалдық кездесуінде төрешілердің аса әділетсіз шешіміне қатысты өрескел оқиға болды. Шымбергенов бүкіл жекпе-жек бойы жапониялық Севон Оказаваны соққының астына алды. Жұдырықтары қарсыласқа дәл тиіп жатты. Барлық жағынан мықтырақ әрі басы-

мырақ болды. Бірақ олар Шымбергеновтың қарсыласының қолын көтерді...

Халықаралық Олимпиада комитеті ІВА-дағы төрешілікке қатысты әрдайым шағым білдіріп келген еді, бірақ Ханчжоудағы Азия ойындарының жартылай финалында болған оқиға тым шектен шығып кетті.

Осыған байланысты Қазақстан бокс федерациясы Азия ойындары бойынша ХОК төрешісіне өз талаптарын ресми түрде білдіреді. Бұл ретте турнирдің ең мықты боксшылары біздің былғары қолғап шеберлерімен бірдей жеребеге түсуі, жалпы жеребенің өткізілу реті, төрешілердің жұмысына сұрақтар туындатты. Ал жергілікті боксшыларға «қызыл кілем» төселді...

ХОК қамқорлығындағы турнирлерде төрешілер шешіміне наразылықтар мен шағымдарды беруге болмайды.

Қазақстан – бокс державасы, бокстың көшбасшысы ретінде рингтегі мұндай әділетсіздік фактілерімен келісе алмайды. Мен өз тарапымнан Асланбек Шымбергеновке жеке қолдау білдіремін! Мұндай фактілер капитанымызды сындырмайды, еңсесін түсірмейді деп сенемін және ол бокстан ең маңызды халықаралық турнирлерде Қазақстан Туын биікте желбіретеді деп ойлаймын», – деді ҚБФ президенті Кеңес Рақышев.

АЗИАДА

БӘРЕКЕЛДІ, АЛЕКСЕЙ!

Луценко – үш дүркін Азия чемпионы!

**Қазақстандық
велошабандоз Алексей
Луценко Қытайда өтіп
жатқан Азия
ойындарының алтын
медалін жеңіп алды.**

Ол жекелей уақытқа жарыста 39,6 шақырымда үздік атанды. Луценко қашықтықты 48:05.75-те бағындырды. Екінші болып мәре сызығын қытайлық Сюэ Мин жүріп өтті. Үшінші орынды Винсент Ван Лау (Гонконг) иеленді. Осылайша Алексейдің жұлдесі Қазақстан құрамасының қоржынына бесінші алтынды әкелді.

Айта кеткен жөн, еліміздің шабандозы үшін бұл спорттық мансабындағы Азия ойындарының үшінші алтыны. Ол бұған дейін 2014 және 2018 жылдары да Азиада чемпионы атанған.

«Жарыс біз жоспарлағандай өтті. Маусымдағы негізгі стартқа дайындығымды арттырдым. Азия ойындары – мен үшін, елім үшін өте маңызды жарыс болып есептеледі. Жылдың басында жоспарланғанды артығымен орындап,



(Сурет Ұлттық олимпиадалық комитет сайтынан алынды).

алтын медальға ие болды. Бірақ Азиада біз үшін аяқталмайды. Жақында топтық жарыс өтеді, онда біз де жоғары нәтижеге қол

жеткізуіміз керек. Бізде өте мықты команда жасақталған. Медаль үшін таласуға көптеген мүмкіндіктер бар. Біз тек «алтын» үшін келдік. Өнер көрсетіп жүрген және өнерін көрсететін барша спортшыларға сәттілік тілеймін», – деді А.Луценко.

Сондай-ақ, Ханчжоуда жақын күндері жұлделі болған өзге де спортшыларымыз бар. Данил Мұсабаев батут гимнастикасында күміс медальға ие болды. Финалдағы 57.100 ұпай оған екінші орынды қамтамасыз етті. Алтын медальді қытайлық Лангю Ян жеңіп алды – 59.850 ұпай. Жапондық Хирото Ямада үшінші нәтиже көрсетті – 52.270 ұпай.

Ал жеңіл атлетикадан Қазақстан командасының өкілі Каролин Чепкоич Кипкируи 5000 метр қашықтыққа жүгіруден үшінші нәтиже көрсетіп, қола жүлде жеңіп алды. Мәреге бірінші болып Үндістаннан келген спортшы Парул Чаудхари келді. Күміс медальмен жапондық Ририка Хиронака жарысын аяқтады.




ТЕННИС

АТР 250 Astana Open аяқталды

**Қазақстан
астанасында АТР 250
Astana Open сериясының
турнирі сәтті өтті.**

Елордада өткен жарыстың финалында әлемнің 34-ші ракеткасы француздық Адриан Маннарино әлемнің 28-ші ракеткасы американдық Себастьян Корданы 4:6, 6:3, 6:2 есебімен жеңді. Ал американдық Натаниэль Леммонс пен Джексон Уитроу жұптық разрядта жеңімпаз атанды. Шешуші матчта олар мате Павичті (Хорватия) / Джон Пирсті (Австралия) 7:6 (7:4), 7:6 (9:7) есебімен жеңді. 2021 жылы американдықтар Астанада өткен АТР Challenger 125 сериясының турнирінде жеңіске жеткен болатын.

АТР 250 санатындағы турнир Астанада 2020 және 2021 жылдары өткен, ал 2022 жылы Қазақстан астанасы АТР 500 сериялы турнирді алғаш рет қабылдады.



(Сурет Теннис федерациясының сайтынан алынды).

Биыл Astana Open-мен қатар Бейжінге АТР 500 турнирі өткеніне қарамастан, Астанада әлемнің көптеген мықты теннисшілері жиналды: Қазақстан құрамасының көшбасшысы, планетаның 26-шы ракеткасы, Галледегі АТР 500 турнирінің чемпионы Алек-

сандр Бублик, «Үлкен Дулыға» үш турнирінің жеңімпазы, Олимпиада чемпионы, 19 турнирдің жеңімпазы АТР, Дэвис Кубогының иегері, әлемнің бұрынғы үшінші ракеткасы Стэн Вавринка (Швейцария), бір «Үлкен дулыға» және 17 АТР турнирінің

жеңімпазы, бұрынғы үшінші әлемдік ракетка Доминик Тим (Австрия), Себастьян Корда (АҚШ), Бір «Үлкен Дулыға» жасөспірімдер турнирінің жеңімпазы, бұрынғы жасөспірімдер рейтингіндегі алғашқы әлемдік ракетка және басқалары қатысты.

Турнирдің 8 күнінде «Beeline Arena» Ұлттық теннис орталығының орталық және бірінші қортындағы матчтарға 16 000-нан астам көрермен қатысты. Қазақстанның түкпір-түкпірінен федерация өзінің Теннис орталықтарының тәрбиеленуші балаларын әкелді. Күн сайын турнирге 1000-нан астам бала қатысты. АТР 250 ASTANA OPEN аясында әуесқойлар арасындағы бүкілқазақстандық турнирдің финалдық кезеңі өтті. Осы жарыстың үздік 40 ойыншысы күн сайын АТР 250 матчтарын тамашалады.

Турнир аясында теннисшілер дәстүрлі түрде Қазақстан теннис федерациясы ұйымдастыратын

әлеуметтік маңызды іс-шараларға қатысты. Стэн Вавринка, Доминик Тим, Александр Бублик және Себастьян Корда «Асыл Мирас» аутизм орталығына барды: ойыншылар балалармен танысып, олармен әңгімелесті және балалар салған картиналарды сыйлық ретінде алды. Сондай-ақ, теннисшілер бұралқы жануарлармен дәстүрлі фотосессияға қатысты. Акция «Балто» жануарлар үйімен бірлесіп өтті. Танымал спортшылар бұралқы қалған үй жануарлары мәселесіне назар аударды.

Сонымен қатар, ойыншылар балаларға және арбаға таңылған теннисшілеріне шеберлік сабақтарын өткізді, ал жанкүйерлер үшін Доминик Тим мен Юрий Родионов қолтаңба сессиясын ұйымдастырды. Турнирдің финалистері – Адриан Маннарино мен Себастьян Корда қалыптасқан дәстүр бойынша Ұлттық теннис орталығының жанындағы «Чемпиондар аллеясына» ағаш отырғызды.

**Бетгі әзірлеген
Досбол АТАЖАН.**



5 ҚАЗАН – ҰСТАЗДАР КҮНІ!

ЖАУАПКЕРШІЛІК ПЕН ДАНАЛЫҚТАН ТҰРАТЫН ҰЛЫ ҚЫЗМЕТ...

Ұстаз... Мектеп... Оқушы... Осы бір сөздерді естігеннен-ақ жүрегім жылып сала береді. Алдымнан қанша шәкірт түлеп ұшса да, өзіме алғаш әріп үйреткен ұстазымды естен шығарған емеспін. Өйткені, мен жеткен әр биікте алғашқы ұстазымның қолтаңбасы бар. Ұстаз болу – жанам деген жүрекке от беретін, жауапкершілік пен даналықтан тұратын ұлы қызмет... Шәкіртім білсін, үйренсін деген әрбір сәт – ұстаз үшін ең бақытты сәт, өйткені ұстаздық – кез келгенге бұйырмайтын сыбаға! Бақытын шәкіртінен іздейтін, ұстаздың тынымсыз еңбегінен тұратын, дара да дана мамандық. Сан жылдар бойы еңбек ете жүріп, түйгенім, ұстазды шабыттандырушы – шәкірт, ал шәкіртті шабыттандырушы – ұстаз!

Ұстаз – әр шәкірттің жүрегіне нұр құятын, күннің сәулесіндей оларды білім шыңына жетелейтін, аяулы да ардақты жан. Осынау мамандық иелерімен өмір мәнді, неге десеніз, дана да, дара да ұстаз алдынан шығады. Ұлт ұстазы А.Байтұрсынұовтың туған күні 5 қазанның ұстаздар күні болып аталуы – көңілге үлкен қуаныш ұялатқанын жасырмаймын. Алматы қаласындағы оқу-ағарту саласындағы мектеп, балабақшаларда еңбек ететін барша ұстаздарды төл мерекесімен құттықтап, М.Мақатаев атындағы №140 гимназияның ұстаздары жайлы тілек-толғауымды білдірмекпін.

Ұстаз – тілекпен, ниетпен, өзіне айтылған алғыспен қанаттанады. Ұстазға шағым айту, еңбегін бағалау – айыптардың ең ауыры. Ұстаз ешқашан шәкіртіне жамандық тілемейді, өйткені оның еңбегі сол өзі баптаған шәкіртпен бағаланады. Ең алдымен, қоғам ұстазды қадірлеуге, құрметтеуге дайын болғанда ұстаз да шабыттана жұмыс жасайтынын ұмытпауымыз керек. Ұстаз шабыттандығанда не істей алады? Шынайы шығармашылықпен үздіксіз ізденісте жұмыс

жасайды, өткенге есеп беріп, жаңаны жоспарлайды. Осыдан қайнаған тіршілікке төзімді, жан-жақты тұлға қалыптастыруда тынбай еңбектенетін әріптестер әлемі қалыптасады. Ұстаздық, міне, осынысымен құнды, осынымен қастерлі! М.Мақатаев атындағы №140 гимназия әкімшілігі басқару менеджментінде осыларды басшылыққа алады.

Білімді ұрпақ қалыптастыру үшін ұстаздың жағдайын жасауымыз керек. Ұстазға жасалған жағдай – ұрпаққа жасалған жағдай. Қазір мемлекет тарапынан ұстаздарға барлық жағдай жасалуда, ал қазіргі мақсат – әр мектеп басшысының өзі басшылық жасайтын мектепте қолайлы орта қалыптастыруы. Әр ұстаз – бір тұлға. Әрқайсысының айтары бар, әрбірі толы кен, түртіп кетсең, шығармашылықтың лебі есетін, әрқашан оқушымен жұмыс жасауға ұмтылып тұратын ұстазға еркіндік беру арқылы көп түйінді мәселелерді шешуге болады.

Ол қандай еркіндік? Шығармашылық еркіндік пен көшбасшылық еркіндік. Әрбірінің айтарын тыңдап, ортақ шешім шығару арқылы



шәкірт жүрегіне жол тауып жүрген №140 гимназияның ұстаздары – осындай еркіндіктің иесі. «Педагогикалық жұмыстағы шешуші нәрсе – ең жақсы оқыту әдістерін таба білуде» деп ағартушы Ыбырай Алтынсарин айтқандай, №140 гимназия ұстаздары – жаңа инновациялық технологияларды меңгерген, білімді ұрпақты қанаттандыру жолында аянбай еңбектеніп келе жатқан, кәсіби шебер мамандар С.Темірбаева, Н.Темірова, А.Ертуғанова, С.Сапарова, Л.Өмірзақова, Ш.Әбдібаева, Р.Сейдалиева, А.Бесірова, К.Ертуғанова, Ж.Асанова, Г.Чайзиданова, Б.Искакова, Г.Дүйсенова, З.Назарова, А.Жақыпбекова, Б.Сатаева, Е.Базылжан, Л.Қарғабаева, Ұ.Мырзабекова, Қ.Қапшаевтар – гимназия мақтаныштары.

Әр педагог гимназияға қуана келіп, қуана қайтады. Неге десеніз,

педагогтің көңіл күйі жұмыстың сапалы жүруіне ықпалын тигізеді. Әрбір мұғалім ұстаздық қызмет барысында педагогикалық әдеп қағидаларын қатаң ұстанады. Ұстаз этикасы – мұғалім мен бала, ата-ана мен мұғалім арасындағы қарым-қатынасты дұрыс орнатуға негіз әрі ұжым ішіндегі, мұғалімдер, оқушылар, ата-аналар арасына алтын көпір болуда.

Ұстаздық – ұлы қызмет. Осынау мамандықтың иесі бола жүріп түйгенім: ұлылықтың кілті – қарапайымдылықта! Тарихта аты қалған небір дана, даралар өздерінің биіктігін қарапайымдылығымен танытқан. Гимназия ұстаздарының бір шоғырын кәсіби шебер, әдіскер ұстаздар құраса, бір шоғырын жас мамандар құрайды. 30-ға тарта ер мұғалімдер ұстаздық қызмет ететін гимназия – ұлттық құндылықтар-

дың ордасы ретінде де танымал. Қыркүйек айының 23-і күні гимназияның өсіп-өркендеуіне үлес қосып келе жатқан ардагер, кәсіби шебер ұстаздары артық толқынға үлгі-өнеге көрсету үшін, «Ұлық болсаң, кішік бол!» айдарымен ұстаздар мерекесі қарсаңында бір тамаша жоба – «Тұлғанды арманыма ұқсатқанмын» атты мұғалімдер күніне арналған музыкалық ревю өткізді. Бұның өзі алдыңғы толқынның ізбасар толқынға тамаша сыйы болды.

Гимназия ұстаздары 2014 және 2017 жылдары «Алтын белгіге» мектепті бітірген Н.Әбдіманап, Б.Шаизах, Б.Молдағали, Ж.Бесқұланова сынды шәкірттеріміздің алтын ұя мектебіне оралып, қазіргі таңда ұстаздарымен үзгенгілес, әріптес екендігін мақтан етеді.

Сондай-ақ, ұжымдаса білгеннің ұтатынына, үлкеннің кішіге ізеті, кішінің үлкенге құрметі бар жерде бірлесе тірлік жасап, тамаша нәтижелерге қол жеткізуге болатынын гимназия ұстаздары дәлелдеп келе жатыр.

Ұстаз – биік әрі мәңгілік есім. Осынау ұлы мамандық иесі ретіндегі еңбектеріңіз әрқашан еленип, қадір-қасиеттеріңіз арта берсін! Сіздерге денсаулық, амандық, баянды ғұмыр тілеймін! Саналы ұрпақ қалыптастыру жолындағы қадамдарыңыз сәтті болсын! Қанаттарыңыз талмасын, қаламдарыңыз мұқалмасын, шабыттарыңыз сарқылмасын! Дарынды шәкірттеріміз көп болсын!

Сәния ТІЛЕУБАЙ,
«Құрмет» орденінің иегері,
М.Мақатаев атындағы №140 гимназия директоры.

КЕЗДЕСУ КЕШІ

Қоныр күзде ел тұрғындары бірнеше атаулы күнді мерекелейді. Мәселен, қазанда Қарттар айлығы басталса, 5 қазанда мұғалімдер мерекесін тойлаймыз. Осынау қос мерекені Алатау ауданындағы №150 бөбекжай-балабақша ұжымы «Қарты бар үйдің қазынасы бар» атты әдеби-сазды кездесу кешімен атап өтті. Алатау ауданы Ардагерлер ұйымы «Рухани адамгершілік және патриоттық тәрбие» комиссиясының төрағасы, Алатау ауданы білім мекемелеріндегі «Адами әдеп» кеңесінің төрағасы Сағынбек Әшірбековпен кездесті.

ҚАРИЯСЫ БАР ҮЙДІҢ БЕРЕКЕСІ БАР

Рая
ЕСКЕНДІР

Мерекелік кештің алғашқы сөз кезегін алған балабақша меңгерушісі Салтанат Әбдіжаппарова барша қонақтарды Қарттар айлығының басталуымен және Ұстаздар күні мерекесімен құттықтады. Бүлдіршіндердің болашағы үшін мемлекет тарапынан жасалып жатқан қолдау мен қамқорлық тұрғысында әңгімелеп, нақты мысалдар келтірді.

Бүкіл саналы өмір жас ұрпақ тәрбиесіне арнаған ардагер ұстаз Сағынбек Әшірбекулы бүгінде құрметті зейнеткер. Жас ұрпақ келешегі үшін әлі де халқына қызмет етуге дайын ақсақал, еш уақытта зейнеттемін деп қол қусырып отырған кезі жоқ. Әлі күнге жас ұрпаққа өнегелі тәрбие берумен келеді.

– «Адамды тәрбиелейтін қаталдық емес, мейірім» деген екен ақылгөй бабаларымыз. Өзім 57 жыл бойы оқу-ағарту саласында үздіксіз қызмет етіп, тек 2007 жылы ғана зейнетке шықтым. Осы жылдар ішінде талай мектеп басшылары мен мектепке дейінгі мекеме басшыларын тәрбиелеген екенмін. Олардың алды зейнетке шықса, әлі де еліне еселі еңбек етіп жатқандары қаншама. Қазір мен осы аудан мектептерінде 30–35 минуттық әдеп сабақтарын өткізіп жүрмін. Осы сабақтарда мен жас балаларыма аталы-баталы сөздерімді арнаймын. Сондағы байқағаным, еститін құлақ, тыңдайтын ұрпақтың өсіп келе жатқаны. Дәл қазіргі кезде ұлттық негіздегі тәрбие ауадай қажет. Сіздердің өткізіп отырған осы іс-шараларыңыздың өзі келешек ұрпақ үшін жасалып жатқан өнегелі іс емес пе? – деді ардагер ұстаз Сағынбек Әшірбекулы.

МЕРЕКЕЛІК БАҒДАРЛАМА

«ҚАРТТАРЫМ – АСЫЛ ҚАЗЫНАМ»



Бұл күні Алатау ауданындағы №1 бөбекжай-балабақшаның іші де, сырты да адам танымастай өзгерген. Бір кездегі ескі ғимараттың өзі түгіл, ізі де қалмаған. Тіпті, дәл осы жерде сонау 1960 жылдары қабырғасы қаланған №1 бөбекжай-балабақша ғимараты болды деп елестетудің өзі қиын. Иә, осыдан біраз жыл бұрын аталмыш балабақша ғимараты 3 топтық небір 75 балаға арналған еді. Бүлдіршіндерге арналған дәретхананың өзі сыртта орналасқандықтан, ата-аналар алаңдаушылық білдіретін. Тұрғындар «Өжет» ықшамауданындағы жалғыз мемлекеттік мекеме болғандықтан, талай мәрте жаңа балабақшаның қажет екенін айтып, «Ақшамнан» да көмек сұрап, есігін қақты. Көп тілегі қабыл болып, 2016 жылы ескі балабақша сүріліп, орнына 6 топтық 145 балаға арналған әдемі де, биік балабақша бой көтерді. Бұл тұста балабақшаның меңгерушісі Рая Шарапиева болды. Бұл күні еңсесі биік үйдің емен есігін ел еркелері еркін ашып, бақыт бесігінде тербеліп жатыр.

Рая
ЕСКЕРМЕСҚЫЗЫ

«Жас келсе, іске» демекші, №1 балабақшаға 2022 жылы меңгеруші болып Қымбат Қарабалаева келді. Жаңа басшы алғашқы қадамын жөндеу жұмысынан бастап, осы жылдың күзінде басталған жөндеу жұмысы 2023 жылдың наурыз айында аяқталады. Балабақшаның іші мен сырты жарқырап, 470 шаршы метр аумақты алып жатқан жертөлге де күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіліп, бүлдіршін-

дердің игілігіне берілді. Қазіргі таңда жертөледегі айнадай жарқыраған бөлмелердің барлығы заманауи құрылғылармен жабдықталған. Әрбір бөлменің атқарып отырған өзіндік қызметі бар. Мұнда бірнеше білім орталықтары ашылып, балалармен оқу-жұмыстарының барлығы осында өткізіледі. Мәселен, Инклюзия, монтессори, кітапхана, зертхана, бейнелеу өнері кабинеті, тұзды шахта, логопед, психолог бөлмелері толықтай қажетті құрылғылармен, оқу-әдістемелік құралдармен жабдықталған. Әсіресе, балалар қалдықтар-

дан қажетті заттар жасағанды жақсы көреді. Бұл тәсіл өз кезегінде баланы еңбекке, икемділікке, ең бастысы ысырапқа емес, үнемдей білуге үйретеді.

Қарттар айлығы басталысымен балабақша ұжымы «Қарттарым – асыл қазынам» атты мерекелік бағдарлама ұйымдастырды. Балабақшаға немерелерімен күнде бірге келетін ата-әжелер кештің қонағы болды.

Балабақша меңгерушісі «бала – ата-ана – тәрбиеші» үштігінің бірлескен жұмысының қашанда оң нәтиже көрсететінін айтып, ризашылығын білдірді.

Балабақша медбикесі Мұхамед Аяулым «Асыл әжем», тәрбиеші Жания Сламқожаева «Қос бәйтерек» әндерін нәшіне келтіре шырықса, тәрбиеші Тайхар Сандұғаш «Қазақтың халық биін» ұршықша үйірді, тәрбиеші Айша Орынбасар М.Мақатаевтың «Ақ қимешек» өлеңін оқып, кеш қонақтарының көңілін көтерді. Сонымен қатар, «Балдәурен» мектепалды тобының «Заманауи биі», сурет пәнінің мұғалімі Жайдарлы Тұрлыбекова орындаған «Қарттарым – асыл қазынам», «Балдәурен» тобының тәрбиеленушісі Айдоусұлы Айсұлан орындаған ән мен Жания Сламқожаева «Күліп жүр» әніне қариялар бір сәт билеп те алды. Ата-аналар атынан ұзақ жыл ұстаздық еткен Майра Қамышева мен осы балабақшада еңбек еткен Күлшат Бекбембетова сөз сөйлеп, ұжым қызметкерлеріне ризашылықтарын білдірді.

– Еліміздің болашақ тағдыры біздің жас ұрпақтың қолында. Мемлекетіміздің ертеңгі тұтқа ұстар ұрпағын тәрбиелеп жатқандықтан, олардың бойына патриоттық сезімді, үлкендерді сыйлай білу, елі мен жеріне деген сүйіспеншілікті қалыптастыру басты міндетіміз, – дейді Қымбат Әлімбақызы.

Осылайша әдемі әуенмен әрленген кеште бейбіт өмірді жыртқан немерелерінің өнеріне қариялар да риза болып тарады.



ҚАЛА ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ

КӨШЕ ӘДЕБІ МЕН МӘДЕНИЕТІ

Көлік жүргізушісі де, жаяу жүргінші де жол ережесін қатаң сақтауы тиіс

Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Алып шаһар Алматының тыныс-тіршілігін көліксіз елестете алмаймыз. Бірақ көлік көбейген сайын, соған қатысты көлденең мәселе де аз болмай тұр.

Деректерге көз жүгіртсек, бүгінде Алматыда 500 мыңнан астам автокөлік тіркелген. Бұған қаланың шеткі аймақтарынан келетін 250 мыңға жуық көлікті қоссаңыз. Егер көліктің басқа түрлерін (қоғамдық көлік, ауыр жүк көлігі, арнайы қызмет көліктері) есептегенде, қала көшелерінде күн сайын шамамен 700 мыңнан астам жеңіл көлік жүреді екен. Ал Алматы қаласы Полиция департаментінің ресми деректеріне сүйенсек, жыл басынан бері мегаполисте 2,2 мың адам зардап шеккен 2 мыңға жуық жол-көлік оқиғасы тіркеліпті. Бұл жағымсыз көрсеткіштер көлік санының артқанынан ба, әлде жүргізушілердің салғырттығынан һәм жауапкершілігі жоқтығынан ба?

Әлбетте, ешкім бірденеңе ұшырайын деп тәртіп бұзбайтыны белгілі. Бірақ транспорт саласының сарапшылары жолдағы апаттардың басым бөлігіне алдымен көлік жүргізушілері кінәлі деп есептейді. Дейтұрғанмен, бұл жағдайларға жаяу жүргіншілердің де қатысы бары сөзсіз. Себебі, олар да еліміздегі жол қозғалысына негізделген жалпыға ортақ жолда жүру ережелерінің бірыңғай белгіленген тәртібіне бағынуы тиіс.

Мәселен, жол қозғалысы ережелерінде жаяу жүргінші көлік жүргізушісінің тоқтағанына көз жеткізіп барып, жолдан өтуі қажет, яғни әрбір жол қозғалысына қатысушы өзінің «аумағына» жауап беруі керек. Бірақ бізде бұл заңдылыққа бағынатындар аз. Керісінше, жан-жағына қарамастан, келесі бетке өту үшін жолды кесіп өтуге құмарлар көп. Қартайған кезде көздің көруі, құлақтың естуі, тіпті жүріс-тұрысының баяулауы қалыптаспайды. Сондықтан кейде егде жастағы қариялар да өз мүмкіндіктеріне қарамай, көлік апатын туындатуға себепші екені жасырын емес.

Жолаушы тағдыры ойыншық емес

Қоғамдық көлік жүргізу – аса жауапты жұмыс. Өйткені, автобустың бірді-екілі адам ғана жүрмейді, оның ішінде тұтас бір отбасының мүшелері отыруы мүмкін немесе бір үйдің жалғыз ұлы, асыраушысы болуы мүмкін. Ал салғырттықтан адамның өмірі қиылады, айрандай ұйыған отбасылар бұзылады. Сондықтан жүргізушілердің көлік басқарудағы кәсіби шеберлігі автобустағы адамдардың ғана емес, сонымен қатар, жаяу жүргіншілердің өміріне де әсер етеді.

Дейтұрғанмен, қала көшелеріндегі қоғамдық көлік тізгіндеген азаматтардың «тәртібі» алматылықтардың көңілінен шыға бермейді. Бұл туралы әлеуметтік желілердегі пабликтерде жиі жазылады. Әлбетте, көпке топырақ шашпаймыз. Араларында көлік тізгінде байсалды, жолдың жайы мен жолаушының жағдайын білетін, өте сақ, есебі мықты жүргізушілер бар. Өзгелермен жары-



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБЕКОВ.

сатын немесе жолға таласатын, құдды бір ағаш басып алып келе жатқан адамша жүйткітіндер де жетерлік. Салонда темекі шегіп, телефонмен сөйлесетіндер де жоқ емес. Жалпы айтқанда, жол-көлік оқиғаларының көбі жүргізушінің қауіпсіздік ережелерін сақтамауынан орын алады. Сондықтан олар жол үстінде барынша сақ, абай болғаны жөн. Өйткені, жолаушылар тағдыры ойыншық емес.

– Көлік жүргізушілерінің темекі шегіп, болмаса телефонмен сөйлесуі – өрескел құқықбұзушылық болып есептеледі. Олар бұл әрекеттері үшін заң алдында жауап береді. Қазіргі таңда қоғамдық көліктердің барлығында арнайы ақпараттық тақталар орнатылған. Егер көлік жүргізуші қандай да бір заңға қайшы әрекеттерге барса, жолаушылар сол жерде көрсетілген телефон нөмірлеріне хабарласып, өздерінің шағымдарын қалдыруына болады, – дейді қалалық Мобильділік басқармасының мамандары.

Тапшылық жағдайдың жоқтығынан туындайды

Urban Forum Kazakhstan қоғамдық қорының Көлік және қауіпсіздік жөніндегі сарапшысы Роман Барабановтың айтуынша, көлік жүргізушілердің жетіспеушілігі Алматы жолдарындағы жағдайды қиындата түседі.

– Жүргізушілердің тапшылығы, бұл – республикалық ауқымдағы мәселе. Менің ойымша, оның себебі, көлік жүргізу куәлігін беру регламентіне жатыр. Мәселен, өтініш

беруші, яғни болашақ көлік жүргізуші барлық қажетті санаттар бойынша қажетті құжатты өз есебінен және өз бетінше алуға мәжбүр. Мұндай әрекет жеті жылдан немесе одан да көп уақытқа созылуы мүмкін. Алайда, мұнда уақытқа созылатын әрекет мамандықтың қажеттілігін айтарлықтай төмендетеді. Ал мамандардың жетіспеушілігі қолданыстағы жүргізушілерге жүктемені едәуір арттыруда. Себебі, уақыт өткен сайын адамның денсаулығы нашарлап, мамандыққа деген қызығушылығын төмендетуі мүмкін. Нәтижесінде біз куә болып жүрген қайғылы жағдайлар орын алуда, – дейді урбанист.

Ал автобус парктөрі басшылары қоғамдық көлік жүргізуге рұқсат беретін санатты алу өте қиын, сондықтан жүргізуші жоқ екенін айтуда. Бүгінде автобус жүргізушілері кесте бойынша екі күн жұмыс істеп, екі күн демалуы тиіс. Ал оны алмастыратын кісі ауырып қалса немесе жұмыстан кетсе, жағдай қиындай түсетін көрінеді. Өйткені, жүргізуші тапшы. Ал оған себеп қоғамдық көлікті айдауға қажетті санат екінің бірінде бола бермейтіні дейді мамандар.

Көлік жүргізушілердің сөзінше, гармошка автобусты жүргізу үшін Д мен Е категориялары қажет. Өйткені, оның артқы бөлігі прицеп болып есептеледі. Қазіргі таңда көбінің категориясы аз.

2014 жылы шыққан «Жол жүрісі туралы» заңға сәйкес қоғамдық көлікті нақтырақ айтқанда, автобус пен троллейбусты жасы 25-ке толған азаматтарға жүргізуге рұқсат. Оның өзінде Д санатында 5 жыл, ал Д1 санатында 3 жыл еңбек өтілі болуы керек. Оған қоса, Е санаты болуы тиіс. Жолаушыларды тасымалдаумен айналысатын мекеме басшыларының айтуынша, жұмыс істегісі келетін жүргізушілер осы талаптарға сай келмейді. Сол себепті де, қоғамдық көлік жүргізушілер қат.

Ал Роман Барабановтың пікірінше, жүргізушілердің тапшылығын азайту үшін сертификатталған кәсіпорын негізінде оқытуды ұйымдастыру қажет. Егер оқыту процесін тасымалдаушы компаниялардың өздері бақылайтын болса, тіпті жақсы. Бұл олардың өздері қызығушылық танытқан мамандық жұмысқа қабылдаулары үшін, сонымен қатар, кәсіби жүргізушілердің санын көбейтуге мүдделі болуы үшін керек. Ол сондай-ақ, жолаушылардың өмірі мен денсаулығы автобус жүргізушісіне тікелей байланысты болғандықтан, осы жауапты лауазымға үміткерлерді іріктеуге қатаң қарау керек деп санайды. Жұмысқа орналасу кезінде жүргізуші тәжірибесін ескеру қажет (жұмыс өтілінің неғұрлым көп болса, соғұрлым жақсы), жүргізушінің еңбек өтілін қарау керек деп есептейді.

Сарапшы бұдан бөлек, көлік жүргізушілерінің демалатын орындары жөнінде де орынды уәж айтты.

– Негізінен, тапшылық жағдайдың жоқтығынан туындайды. Егер жолаушы тасымалымен айналысатын компаниялар жүргізушілерді жалдайтын болса, онда олар тек көлік жүргізу ережелерін ғана емес, сонымен қатар жүргізушілерге жағдай жасауды да ұмытпағаны жөн. Мәселен, соңғы аялдамаларда жүргізушілердің демалуы мен ауысуы үшін қолайлы жағдайлар жасалуы тиіс. Оларды тамақ ішіп, демалып, дәретхананы пайдалана алатын орындары бар көлік-трансплантациялау тораптарымен қамтамасыз ету қажет, – дейді урбанист.

Жол мұраты – жету

Алматыда Абай даңғылы бойындағы жаяу жүргіншілер жолағында екі адамды автобус қағып кеткені, қала көшелерінің бірінде жүргізушісі жоқ автобустың артқа қарай жүріп кетіп, жасаған жол апаты естеріңізде болар. Айдың-күннің аманында жол апатынан қаза тапқандар ешкімді бейжай қал-дырмауы тиіс. Қысқасы, жол ережесін сақтамай, жоғары жылдамдықпен жүйткігендер азаймайынша, жол бойындағы апатты азайту қиын.

Осыдан үш жыл бұрын Мемлекет басшысы бұл маңызды әлеуметтік мәселе екенін атап өткен. Алайда, «баяғы жартас – сол жартас» демекші, мәселе әлі шешілген жоқ. Өйткені, жол-көлік апаты әлі азаймай отыр.

Қоғамдық көлік болғандықтан, оның ережесі мейлінше қатаң сақталуы керек. Ендеше, жолаушылар тасымалдаумен айналысатын қоғамдық көлік кәсіпорындарының да, жүргіншілердің де автобус ішінде, жолда мәдениет қалыптастыруға бейімделетін уақыты жетті.

Десек те, бұл салада халыққа қызмет ету көлемінің ұлғайғаны айқын. Жаңа, экологиялық таза автобустар, қала маңына қатынайтын қоғамдық көліктер көбейіп-ақ жатыр. Бірақ ол қоғамдық көліктердегі мәдениетті қалыптастырып, жол апаттарын азайтуға қаншалықты әсер етеді?

Қорыта айтқанда, біз кез келген болмашыға тез ашуланып, айналасындағы көлік иелеріне немесе жолаушыға айқайлай кететін емес, жол үстінде өте ұқыпты, межелі жерге асықпай жететін жүргізушілерге зәруміз. Сондықтан қала көшелерінде жолаушыларының қауіпсіздігі үшін өзінің эмоционалды қалпының маңызды екенін жақсы түсінетін жүргізушілер көбейсе дейміз. Жол мұраты – жету. Ал жол – қателікті көтермейді!



Суретті түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.



ХАБАРЛАНДЫРУ

Алматы қаласы мәслихатының депутатын сайлау жөніндегі №4 бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша округтік сайлау комиссиясының хабарламасы

Алматы қаласы мәслихатының депутатын сайлау жөніндегі №4 бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша округтік сайлау комиссиясы «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 104-бабы 6-1-тармағының 1-тармақшасына сәйкес Алматы қаласы мәслихатының депутаттығына кандидаттар болып тіркелгенін хабарлайды:

№	Тегі, аты, әкесінің аты	Туған жылы	Атқаратын қызметі (кәсібі), жұмыс орны және тұрғылықты жері, сондай-ақ саяси партияға, қоғамдық бірлестікке қатыстылығы және қандай ұлт өкілі екені (кандидаттың қалауы бойынша)
1	Новосельцева Наталья Владимировна	1968	«Көкжиек-Горизонт» баспа үйі ЖШС, директор, тұрғылықты жері – Алматы қаласы; орыс
2	Сабрайым Жеңісбек Бағыбайұлы	1959	«Төле би» қоғамдық қоры, директор, тұрғылықты жері – Алматы қаласы; Қазақстанның «Байтақ» жасылдар партиясы, қазақ
3	Лактюшин Дмитрий Николаевич	1992	«The ULTIMATE VISIONARY GROUP» ЖШС, директор, тұрғылықты жері – Алматы қаласы; орыс
4	Камбарова Гулшахира Ажимухановна	1969	«№5 қалалық емхана» ШЖҚ КМК, бас дәрігер, тұрғылықты жері – Алматы қаласы; AMANAT партиясы, қазақ
5	Бакарасова Елена Евгеньевна	1965	«Bakarassov Концерн» ЖШС, бас директор, тұрғылықты жері – Алматы қаласы; орыс
6	Ефремова Светлана Александровна	1977	«Алматы сән және дизайн колледжі» МКҚК, оқытушы, тұрғылықты жері – Алматы қаласы; орыс
7	Төрекүлов Талғар Талғатұлы	1993	«№136 мектеп-гимназия» КММ, директор, тұрғылықты жері – Алматы қаласы; AMANAT партиясы, қазақ
8	Зенченко Максим Геннадьевич	1983	«УК «Бастау» ЖШС, басшысы, тұрғылықты жері – Алматы қаласы; орыс
9	Мұрат Санжар	1993	«МКС Invest Group» ЖШС, директор, тұрғылықты жері – Алматы қаласы; Қазақстанның «Байтақ» жасылдар партиясы, қазақ

2023 жылғы, 3 қазан.

ТІРШІЛІК КӨЗІ

Адам денсаулығына пайдалы сусын

Кез келген тіршіліктің қайнар көзі бір тамшы судан бастау алады. Ғаламшарымыз 70% судан тұрады, ал адам жасушасының 60–70%-ын су құрайды.

Ғалымдардың зерттеуінше, судың адам ағзасы тәрізді өзіндік жүйке жүйесі қалыптасқан. Судың сөз арқылы қасиетін өзгертетін ғылыми тұрғыдан әлдеқашан дәлелденген. Жапон ғалымы Масару Эмото судың ақпаратты қабылдай алатынын арнайы зерттеген болатын. Оның айтуынша, су ақпаратты бірнеше жылдар бойы сақтап тұра алады. Сонымен қатар, орыс ғалымы В.Казначеев судың хабар бере алатын қасиеті бар екенін дәлелдеді. Ол күн тұтылу алдында, бізге судың сол туралы хабар беретінін тәжірибе жүзінде көрсетті.

Су өнеркәсіптің барлық саласында қолданылады. Жер ғаламшарының 70%-ы судан тұрса, оның 2%-ы ғана қолданысқа жарайды. Ауызсу – иісі, дәмі, түсі жағынан ең қауіпсіз су түрі. Ауызсу құрамындағы элементтердің дұрыс болмауы адам денсаулығына кері әсерін тигізеді.

Судың денсаулыққа тигізетін пайдасы туралы 50% адам біледі. Керексіз ақпараттан арылу үшін ағын судан көмек алуды, 10% адам әдетке айналдырған. Көптеген адам таза суды қолданады, сонымен қатар 10% адам құбыр суын ішуден жиіркенеді екен. Әдетте әрбір адам тәулігіне 30–40 литр көлемінде су жұмсайды екен. Қалыптасқан дағды бойынша адамдар 1,5–2 литр су ішеді, ал ыстық суды 10–15 литр мөлшерінде қолданатын көрінеді. Судың адам денсаулығына пайдасы шексіз. Оны бір ғана мақала аясында зерттеп біту мүмкін емес.

Кез келген өмірлік әрекет судан басталады. Су – тіршілік көзі. Сондықтан да судың табиғат құндылығы екенін ескеріп, оның өмір нәрі ретінде қастерлеп қолдану – адам баласының ізгі парызы.

Ернұр РЫСБАЙ.

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

№201 мектеп-гимназиясының ұстаздарын «Ұстаздар күнімен» құттықтаймын!

Айбар АСАНҒҰЛ, 10 «а» сынып оқушысы.

М.Базарбаев атындағы №138 гимназияның ұстаздарын «Ұстаздар күні» мерекесімен құттықтаймын!

Дінмұхамед ШАМШАТОВ, 11 «б» сынып оқушысы.

ЖАЗЫЛ ДА, ҰТЫП АЛ!

Құрметті оқырмандар!

2024 жылға баспасөзге жазылу науқаны басталды. «Almaty aqshamy» газетінің редакциясы газеттің тұрақты жазылушыларын, сондай-ақ жаңа жазылушыларды жыл сайынғы «Жазыл да, ұтып ал!» редакциялық конкурсына қатысуға шақырады. Көптеген бағалы сыйлықтар ойнатылады!

Байқауға қалай қатысуға болады?

2024 жылға «Almaty aqshamy» газетіне бір жыл бойына жазылу қажет.

2024 жылдың 25 желтоқсанына дейін жазылу түбіртегінің көшірмесін конвертке салып, «Жазыл да, ұтып ал!» белгісін қойып, редакцияға жолдау керек немесе жазылу түбіртегінің суретін мына WhatsApp нөміріне 8 707 752 92 32 немесе alatayaqparat@mail.ru электронды мекенжайына жолдау қажет. Редакция мекенжайы: 050022, Алматы қаласы, Шевченко көшесі, 106 А (Масаншы көшесінің бұрышы), №21 бөлме, тел.: 293-08-12, 293-08-25, 293-08-03.

Ескерту! Міндетті түрде өзінің аты-жөні, мекенжайы, ұялы байланыс немесе қалалық телефоны жазылу керек.

Қай жерде жазылуға болады?

«Қазпочта» АҚ, «Агентство «Евразия пресс» ЖШС, «Эврика пресс» ЖШС барлық почта бөлімшелерінде жазылуға болады.

2024 жылға бір жылға жазылу бағасы:

Жеке жазылушылар үшін (жазылу индексі 65503) – 6433,44 теңге. Жеңілдікпен ҰОС қатысушылар, зейнеткерлер, мүгедектер мен көпбалалы аналар үшін (жазылу индексі 95503) – 4033,44 теңге.

Тек қана бір жылға жазылған жазылушылар қатысады!

Ұтыс ойынын өткізу бойынша қосымша хабарлаймыз. Ұтыс ойыны «Almaty aqshamy» газетінің редакциясында байқау комиссиясы мүшелерінің және тәуелсіз байқаушылардың қатысуымен өтеді. Ұтыс ойыны жеңімпаздарының аты-жөндері таяу арадағы газет нөмірінде жарияланатын болады.

Құрметті жазылушылар, сәттілік тілейміз!

Анықтама бойынша:

8 (727) 293-08-12, 293-08-25, 293-08-03.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Енді «Almaty aqshamy» газетіне жазылу үшін post.kz сайтын немесе мобильді қосымшасын пайдаланып, онлайн ресімдеуге болады. Жылдам іздеу жолағында сіз қажетті басылымды тауып, жазыла аласыз. Ресімдеу үшін сізге жиынтықтардың санын, жазылу мерзімін көрсетіп, кез келген банктің банктік картасымен төлем жасау керек. Баспа басылымдарын жеткізу ресімдеу кезінде көрсетілген мекенжай бойынша жүзеге асырылады. Қызмет түрі 24/7 қолжетімді. Жазылу индекстері мен жазылу құны «Almaty aqshamy» баспа нұсқасына жазылумен бірдей.

Баспа басылымдарын жеткізу ресімдеу кезінде көрсетілген мекенжайыңыз бойынша Post.kz қызметі арқылы жүзеге асырылады.

«Almaty aqshamy» газеті Алматы мен Астана қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

- * мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;
- * бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;
- * әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз

«Almaty aqshamy» газетіне
ЖАРНАМА беріңіз де, ТАБЫСКЕР болыңыз!

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:
8 (727) 293-08-12, 293-08-25.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:

- * құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;
- * құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды ресімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, Бізге хабарласыңыз!

«Almaty aqshamy» жарнама бөліміне хабарласыңыздар:
8 (727) 293-08-12, 293-08-25.
Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін



Бас директор –

Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ

Қабылдау бөлмесі:

тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –

Абдухалил ЖАЛИЛОВ

тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық

жөніндегі орынбасары –

Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА

тел.: 293-04-28.

Бас редактор –

Төрехан ДАНИЯР

тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –

Әнуарбек ӘУЕЛБЕК

тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –

Серік ЖҰМАБАЕВ

тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат

бөлімінің редакторы –

Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің

редакторы –

Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және

тұрғын үй-коммуналдық

шаруашылық бөлімінің

редакторы –

Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ

тел: 293-52-36.

Коммерция бөлімінің жетекшісі –

Куаныш ДЮСКАЛИЕВ

тел: 293-08-12.

e-mail: d_kuanysh@mail.ru

Жарнама және

тарату бөлімінің менеджері –

Әсел ТАШИБАЕВА

e-mail: dalemesh@vecher.kz

тел: 293-08-12.

Шығармашылық даму
жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –

Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:

Мұрат ӘУЕЗОВ,

Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,

Сейітқазы МАТАЕВ.

Газетті жеткізу бойынша шағымдар болса, «Қазпочта» АҚ Алматы почтамтына: 8 777 699 07 42 телефондары арқылы хабарласыңыз

Almaty
AQSHAMY

Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:

«Alatau Aqparat» ЖШС.

alatayaqparat@mail.ru

Мекенжайымыз:

Индекс: 050022.

Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.

Апталық

таралымы – 18 663

Кезекші редактор –

Досбол АТАЖАН

Газет Қазақстан Республикасының

Ақпарат және қоғамдық даму

министрлігінің

Ақпарат комитетінде тіркелген.

Тіркеу туралы

№KZ80VPY00026040

куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді.

Суреттердің сапасына

редакция жауапты.

Жарнама мәтініне жарнама беруші

жауап береді.

Автордың мақалалары редакция

көзқарасын білдірмейді.

Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де

басылды. 050044, Алматы

қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17.

Тел.: 273-50-53

Офсеттік басылым,

көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газетінің

электронды нұсқасы

«AIR ASTANA»

әуе компаниясы бортндағы

жолаушыларға қолжетімді.



ҚАЗАҚЫ ПАЙЫМ

«АЯҚ БУНАҚ» АМАЛЫ

аптаның соңына қарай бой көрсетеді. Суық кезеңнің басы. Қазекең «Тоқты тоймас, шөміш кеппес» деп атаған

Сәрсенбек
БЕКМҰРАТҰЛЫ

Қазан алғашқы салқын ай. Дегенмен, айдың басы ашық, шуақты болып басталды. Бұл айда талдың басында жапырақ қалмайды, бәрі саудырап жерге түседі. Жапырақ жауған кез осы. Қазекең бұл айды – ақырап, бозқырау, кемпіршуақ, құсқайтар, т.б. атаулармен атаған. Сонымен қатар, қазанның алғашқы жартысы алтын күз деп аталады.

Жылды қазекеңнің жылы, ыстық, суық деп үш кезеңге бөлгенін, оны табиғат зерттеушілерінің тілінде – үш бунақ деп аталатынын бұрынғы жазғандарымызда айтқанбыз. Олар: Бас бунақ – ақпанның 9-ынан маусымның 9-ына дейін (қара қатқақ, ащы өзек), орта бунақ – маусымның 9-ы мен қазанның 9-ы аралығы (тұяқ терлеп, қой күрлеп), аяқ бунақ – «тоқты тоймас, шөміш кеппес» амалы осы аптаның аяғына қарай – 9-ынан бастап кіреді. Бұл кезде шөп мал тұяғымен тапталып, көп жерде тақырланып бітеді. Қалғанын «қазан ұрады». Қанша жайылса да әр жерде шашырап қалған шөпке мал тоймасы белгілі. «Тоқты тоймас, шөміш кеппес» деп осыдан барып айтылса керек.

Өткен жолы қазанның қара желі қыр астында тұр дегенбіз. Сол кезең келді. Енді түнге қарай жел тұрып, күн суыта бастайды. Күндіз күннің көзі көрініп тұрса да, жылуы



мен шуағы азаяды. Шөптерді қазан ұрады, ызғар еседі. Аспанды күздің қарабауыр бұлтты тұмшалап, жаңбыр жауады. Қазанның қара желі басталады.

Бұл – күз айының алғашқы амалы. Мұның ақ шық, сүмбіле дейтін жанама аттары бар. Амал кезінде бабаларымыз «сүмбіле туды, су суыды» деп мақалдап, балаларды суға түсуден тыйған. Киіз үй жанына қазық қағып, салма салып, дауылды қара желден сақтанған.

Күннің салқындауы жан-жануарлар үшін қолайлы. Олар шыбын-шіркейдің мазалауынан құтылып, қоң жинап семіреді. Ондай мал қысқа күйлі түседі.

Қазақы пайымның болжамынша, дүркіреп жауатын жаңбырдың ауылы әлі алыс

екенін де ескертеміз. Енді он күннен кейін жаңа ай көрініс береді. Алдағы күндердің жорамалын сол кезде жаңылмай жасауға мүмкіндік туады. Табиғат тамыршысы Мәшһүр Жүсіп ескіше «...қыркүйектің 19-20-ларына жылан ініне кіреді. Жылан ұйқыға дер кезінде жатса, күз де уақытысында бітеді, егер дер кезінде жылан ұйқыға кіріспесе күз ұзаққа созылады» деген жорамалын айтып, жазып кеткенін білеміз.

Бұл қазақша есеп бойынша, қазанның 3-4-іне сәйкес келеді. Бірақ айтылған мезгілде күннің шуақты болуы себепті, жылан ініне кірмеді. Бұл күздің шуақты күндерінің әлі біркатар уақытқа созылатынын білдірсе керек.

Бүгін қолданыстағы күнтізбе бойынша, қазан айының – 5-і. Ай жүйесі айдың 20-сын көрсетіп тұр. Қазақша (ескіше) қазан айы 8 күннен кейін басталады. Апта айдың басы мен ортасына сәйкес келуде, ауа райы құбылмалы болатын түрі бар. Бірақ жылылық әзір сақталатын ыңғай танытуда. Алматылықтар үшін суықтың ауылы әлі алыс секілді...

БАБАЛАР БОЛЖАМЫ

ҚАЗАННЫҢ ҚАРА ЖЕЛІНЕ ОРАЙ ЖАСАЛҒАН ЖОРАМАЛДАР:

- *Егер бұлт желге қарай көшсе, онда кешікпей қар жауғаны, бұлт ортасынан ыдыраса, ауа райының бұзылғаны.
- *Бұлт шетінен ыдыраса, онда ауа райының оңдалауын дегені.
- *Оңтүстіктен ұзақ соққан жел бағытын өзгертіп, шығыс жақтан соғар болса, ауа райы жақсарады.
- *Оңтүстіктен соққан жел бағытын өзгертіп, батыстан соғар болса, ауа райы бүлінеді.
- *Бұлт көкжиектен будақ-будақ өркештене көтеріліп, іле-шала көрінбей кетсе, онда қатты жел тұрып, қақаған аяз болмақ, бұлт өркештенген күйі көтеріле берсе, қалың қардың белгісі...

ТУРИЗМ

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ИГЕРІЛМЕГЕН ИГІЛІГІ:

КЕГЕН КЕРУЕНІН ТУРИЗМГЕ БҰРҒЫСЫ КЕЛЕДІ

Туризм – валюта генераторы. Қазақстанның пайдаға асырылмай жатқан потенциалының бірі де осы сала. Биылғы Жолдауында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев та мұны мойындай отырып, туризм саласында «серпінді жобалардың керек екенін» баса айтқан еді. Бұл күнде біз Бурабай мен Алакөлге, Көлсай мен Шарынға, Медеу мен Шымбұлаққа келген мыңдаған шетелдік туристерді айтып мақтануға құмармыз. Алайда, бұлардың саны миллиондармен саналған кезде ғана ел экономикасындағы нағыз сүбелі салаға айналады.

Естай
БОЖАН

Көлсай мен Шарын сынды әйгілі брэнді бар Кеген ауданы болашақта өңірдің басты кіріс көзін осы салаға бұрмақ. Ол жайында аудан әкімі Нұрбақыт Теңізбаев Кеген ауданындағы баспасөз турыны қабылдаған кезде мәлім етті. Шын мәнісінде, елімізде мұндай серпінді бұрылыс жасауға ниеттенген өңір жоқтың қасы. Егер Кеген ауданы өзінің асып жетерлік потенциалын кедеге жаратуға шындап кіріссе, бұл тұтас республика үшін үлкен бастама болар еді.

Ол үшін өңірлердің экономикалық бағыты әлемдегі ақша генераторы саналатын осы салаға бейімделуі тиіс. Былайша айтқанда, бір өңір тұтастай туризмді негізгі табыс көзі мен әл-ауқатты арттырудың тіректі тиянағы етуі керек. Жергілікті әкімшіліктен бастап, тұрғындарына дейін туризм саласынан тасқын судай ағылатын валюта ағынына дайын болғанда ғана көркем табиғатынан тартып, қолындағы тары-талқанына дейін дап-дайын ресурсқа айналып шыға келмек.

30 қыркүйек күні Кеген ауданында өткен баспасөз туры кезінде аудан басшысы Нұрбақыт Молдахметұлы өңірдің туристік әлеуеті жайында кеңі



Суретті түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

рек мәлімет берді. Оның айтуынша, ауыл шаруашылығын негіз еткен ауданды жаңа салаға бейімдеу үшін қырыуар инвестиция тартуға тура келеді. Себебі, 9 млрд теңге шамасындағы аудан бюджетімен бұрылыс жасау мүлде қиын шаруа. Қазірше аудан тарабы жергілікті және отандық бизнес өкілдерін, инвесторларды өңірдің болашақ саласына

тартуға жұмыстану үстінде.

БАҚ өкілдерімен бөліскен ресми мәліметтерінде айтылғандай, Кеген ауданы биыл күзге дейін 214 мыңға жуық турист қабылдаған. Бұдан бюджетке түскен салық көлемі 71,5 миллион теңгені құрайды. Алайда, ауданның ауыл-шаруашылық өнімдерінің құнымен (14,5 миллиард теңге) салыстырғанда әлі де төмен деңгейде.

Өрине, бір өңірдің туризм саласының жалпы экономикалық тынысының ашылуы тікелей коммуникацияға тәуелді. Аудандағы 775 шақырымдық жолдың 200 шақырымынан астамы республикаға, яғни АО «НК «ҚазАвтоЖол»-ға тиесілі. Әрі аудандағы нашар немесе жарамсыз жолдардың 32 пайызы да соған қарасты. Пресс-тур кезінде белгілі болғанындай, Кеген жұртының «ҚазАвтоЖолға» өкпесі қара қазандай. Ұлттық компания өкілі журналистер алдында қар жауғанға дейін жолдарды орта деңгейдегі жөндеуден өткізуге уәдесін берді. Республикалық маңызды жол жолдардағы ақау өңірдің туристік тынысын буып тұр.

Шын мәнінде, Кеген керуенін туризмнің кең айдынына бұру қысқа уақытта жүзеге асатын жұмыс емес. Сондықтан да ауданның жаңа әкімшілігі қазірге дейінгі негізгі шаруашылық саласында тың бастамаларды қолға алып жатқанын білдік. Айталық, «Кегенмясопром» ЖШС-ның ет комбинатының құрылысы аяқталуға жақын. Өзімен іргелес Алматы облысының 4 ауданын және көршілес Қырғызстанның солтүстік өңірлеріндегі мал өнімдерін өзіне бұратын жобадан күтер үміт зор. Тәулігіне 50 ірі қара, 10 жылқы, 150 ұсақ мал қабылдауға қабілетті жұмыс орыны тек өңірдің өзінен 3500-ден аса шаруа қожалығына тұрақты табыс көзін ұсына алады деп күтілуде.

КЕЗДЕСУ

Түлектердің ақ тілегі

Рая
ЕСКЕНДІР

Алматыдағы №119 мектеп шаңырағында бір кездегі түлектер бас қосып, «Ұстаздар күніне» орай кездесу кешін өткізді.



Осыдан біраз уақыт бұрын аталмыш мектеп түлектерінің арнайы комитеті құрылған еді. Ол 13 жыл бойы ардагер мұғалімдерге қамқорлық жасап келді. Осылайша ардагер-ұстаздарға арнап түрлі іс-шаралар, мерекелік кештер ұйымдастырады. Кейде тіпті

қала сыртына шығып, таудың таза ауасын жұтып, бір сергіп қалатын кездері де бар. Оны да ұйымдастырушы осы – түлектердің өздері.

Мектеп табалдырығын аттаған әрбір түлек өзінің жастық шағымен тілдесіп, мұғалімдер болса оларға ризашылықпен жауап береді. Бұл команданы жаны жайсаң, әрі белсенді жан – Мәншүк Мырзағалиева басқарады.

Мектептегі мерекелік бағдарлама барысында монологтар, әлем халықтарының билері орындалып, өндері шырылды. Түлектер ұстаздарға әсерлі құттықтауларын арнады.

Осылайша кештің көркін кіргізген түлектердің сүйікті мұғалімдеріне ән арнауы да бекер емес. Өйткені, олардың ең үлкені 93 жасқа толып отыр.

Міне, бұл керемет кеш болды. Мектеп мұғалімдері мен олардың бұрынғы шәкірттері «Мұндай сәт ешқашан қайталанбайды», – дейді.